БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІҢІНДЕРІ!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 175 (9752) 1955 жылғы 3 сентябрь Сенбі

Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҰШТАСТЫРЫЛА ЖҮРГІЗІЛСІН! (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ. **Г. Чешков.** — Малшылар арасындағы партиялық-саяси жұмыс. **М. Назарин.** —МТС лекторийі (2-бет).

Комсомолдардың өндірістегі белсенділігін арттыра берейік (2-бет).

А. Голозубов. —Халық тұтынатын тоқарлар өндірудегі кемшіліктер тез жойылсын (2-бет).

К. Мустафин. —Техникалық прогресс үшін (2-бет).

МАМЛЮТ АУДАНЫНДА (3-бет).

И. Каргин. —Сыйыр малының сапасын бағалау (3-бет).

Л. Вольнов. —Жапон халқы Жапонияның экономикасын жаңалдыру және тәуелсіздік жолындағы күресте (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТТАР (3-бет).

КИНО. **К. Есімов. Ә. Сүлейменов.**—Қырағылық туралы фильм (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарта беру—негізгі көрсеткіштер

Коммунистік партия социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге бірінші дәрежелі маңыз беріп келеді. Өндірісте еңбек өнімділігін арттыру халық шаруашылығының барлық салаларындағы табыстарды, нақтылы жалақының өсуін, халықтың материалдық әл-ауқат және мәдениет дәрежесінің жалпы артуын қамтамасыз етеді.

Елімізде 1955 жылы өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 1940 жылғымен салыстырғанда екі есе дерлік артады. Бұл, ең алдымен, өндіріске ең жаңа машиналар мен механизмдерді енгізу, өндіріс технологиясы мен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің мәдени-техникалық дәрежесін арттыру, социалистік жарысты өрістету арқылы қамтамасыз етіліп келеді.

Өнеркәсіп өнімін мол шығарып, сапасын жақсартумен бірге, оның өзіндік құнын кемітуі кәсіпорындардың бүкіл жұмысының сапасын сыйпаттайтын негізгі көрсеткіш болып табылады. Өнеркәсіптің барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнын кемітуі совет халқының материалдық жағдайын жақсарту жөнінде шешуші маңыз алады. Кәсіпорындарда еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, өнімнің өзіндік құны неғұрлым төмен болса, солғұрлым барлық өнімдер мен товарлардың бағасы да төмен болады, солғұрлым халықтың тұрмыс дәрежесі де жоғары болады. Бұл міндетті жүзеге асырып отыру үшін кәсіпорындар өркешін жұмысты бірқалыпты жақсы істеп, рентабельді болуы керек.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнды кемітуі жолындағы күрес нәтиже беріп келеді. А. И. Микоян атындағы ет- консерв комбинаты (директоры Галныкин, партия ұйымының секретары Демьянова, комбинат кәсіподақ комитетінің председателі Прицотыр. Мұның басты себебі, олар өнім сапасының төмен болуына, ақауға, материалдар мен шикізаттың жоспардан тыс жұмсалуына, орынсыз шығындардың көбеюіне, жабдықтардың, механизмдердің бос қарап тұруына жол береді.

Мысалға қаланың ең ірі кәсіпорындарының бірі —шағын двигательдер заводын алайық. Бұрын алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының қатарында болған бұл завод, биылғы жылы жұмысты қанағаттанғысыз істеп отыр. Завод директоры Сердюков, партия ұйымының секретары Цветков, завод кәсіподақ комитетінің председателі Давыдов жолдастар еңбек ұйымдастыру ісін мүлде әлсіретіп алған. Мұнда социалистік жарыс тек формальді, қағаз жүзінде ғана ұйымдастырылған. Өнім шығаратын алғашқы екі он күндікте ырғалып- жырғалушылыққа, найқалушылыққа жол беріледі де, соңғы он күндікте асығыс- аптығушылық кеңеріс алады. Мәселен, өткен июль айының бірінші он күндігінде айлық жоспардың небары 13,9 проценті орындалса, екінші онкүндігінде 27,3 процент, ал үшінші он күндігінде 53 проценті орындалған.

Қаланың кейбір кәсіпорындарының басшылары өйтеуір берілген тапсырманы орындап шығу мақсатын көздеп, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту және еңбек өнімділігін арттыру сияқты аса маңызды міндеттерді естен шығарады. № 2 тігін фабрикасы (директоры Ермолин) жұмысты дәл осылай істейді. Фабрика жылдың өткен жеті айына белгіленген өндірістік тапсырманы 226 процент орындап шыққан. Амал қанша, көрсеткіш қаншалықты жоғары болғанымен мұнда шығарылған өнімнің сапасы әлі де төмен, ақауға жол беріледі.

Өнеркәсіптің барлық саласында өнімнің өзіндік құнын кемітудің шешуші шарты еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Бұл үшін қолда бар техниканы толық қуатымен пайдалану керек. Механизмдердің, жабдықтардың бос қарап тұруына жол берілмесін. Еңбекті ұсақ-ма

Ауылшаруашылық жұмыстары ұштастырыла жүргізілсін!

☆

805 ГЕКТАР ЖЕР ЖҰМЫСТАЛДЫ

Полудин МТС-нің таңдаулы тракторшысы Собик жолдас партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбек өнімділігін күннен-күнге арттыруда. Ол жыл басынан «СТЗ— НАТИ» тракторымен Аманкелді атындағы колхозда өз сменасында 805 гектар жер жұмыстап, 105 килограмм жанар, жағар майын үнемдеді. Оның сменалық орта жұмыс көрсеткіші 10,7 гектар.

Собик жолдас тағы да кемінде 400 гектар жер жұмыстамақ.

Ж. ЕСЛӘМОВ.

☆ ☆

БҮГІН КІМ АЛДА

Куйбышев атындағы МТС-сі бойынша

Комбайншы ЯКУШЕВСКИЙ жолдас «Сталинец—6» комбайнымен 623 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орташа еңбек өнімділігі 30 гектар.

Комбайншы ГУНГЕР жолдас «Сталинец—1» комбайнымен 426 гектар егін жыйнады.

Комбайншы СОЛДАТОВ жолдас «Сталинец—6» комбайнымен 12 жұмыс күні ішінде 364 гектар егін жыйнады.

Комбайншы ЧУМАЧЕНКО жолдас «Сталинец—1» комбайнымен 324 гектар егін жыйнады.

Николаев МТС-сі бойынша

Комбайншы ТОЛКАЛО жолдас «Сталинец—6» комбайнымен соңғы онкүндікте 230 гектар егін жыйнады.

Комбайншы ПОКИДОВ жолдас «Сталинец—6» комбайнымен соңғы 6 күн ішінде 185 гектар егін жыйнады.

Комбайншы ТУТУЛЕВ жолдас «Сталинец—6» комбайнымен соңғы бескүндікте 165 гектар егін жыйнады.

Торанғұл МТС-сі бойынша

Комбайншы АЛЬТАНОВ жолдас «Сталинец—6» комбайнымен егін жыйнауға кіріскелі 428 гектар егін жыйнады.

☆

ТАҢДАУЛЫ ТРАКТОРШЫЛАР

Булаев ауданындағы Ленин атындағы колхозда зябь жырту жұмысына зор көңіл бөлінген. Бұл іске тракторлардың қуаты неғұрлым тиімді пайдаланылуда. Әсресе Подласов жолдастың басқаруындағы бригаданың тракторшылары еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Мәселен тракторшы К. Рамазанов және Ш. Қасенов жолдастар сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі артық орындап келеді. Колхоз бойынша барлығы 1200 гектар зябь жыртылды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Облыс колхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

1955 ЖЫЛДЫҢ 1 СЕНТЯБРІНДЕГІ МӘЛІМЕТ

25 августан 1 сентябрьге дейін облыс колхоздары бойынша 56204 гектар егін жыйналды. Басқаша айтқанда, әрбір комбайнмен тәулігіне 5 гектардан ғана егін орылды. Мұның өзі колхоздарда егін жыйнаудың әлі де тәзгісіз баяу жүргізіліп келе жатқанын көрсетеді.

Егін жыйнаудың барысы әсресе Совет ауданының колхоздарында өте-мөте қанағаттанғысыз. Бұл ауданның басшыларына—аудандық партия комитетінің секретары Сверкунов, аудандық Совет атқомітінің председателі Живулина жолдастарға егін жыйнау мен астық дайындауға нашар басшылық жасап отырғаны бұрын да талай рет ескертілген. Оларға егін жыйнау мен астық дайындауға қолда бар мүмкіншіліктерді толық жұмылдыру тапсырылған. Рас, Сверкунов, Живулина жолдастар бұл жұмыстарда орын алып келген кемшіліктерді дереу жоюдың, егін жыйнау мен астық дайындаудың толық жұмылдыра алмай келеді. Егін жыйнаудағы негізгі күш—комбайн агрегаттарын өнімді пайдаланудың нақтылы шаралары әлі күнге дейін белгіленген жоқ.

Көп колхоздарда, әсресе Октябрь, Преснов, Мамлют аудандарының колхоздарында ылғалы көп астықты кептіру жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылмаған. Мамлют ауданының МТС-тері мен колхоздарында әлі күнге дейін 8 астық кептіргіш жұмысқа қосылған жоқ. Октябрь ауданында 12 астық кептіргіш, Преснов ауданында 13 астық кептіргіш түрлі себептермен жұмысқа пайдаланылмай отыр. Бұл фактілер МТС және колхоз басшыларының астық кептіру жұмысын ұйымдастырумен шұғылданбайтындықтарын көрсетеді.

Облыс колхоздары мен МТС-теріндегі автотранспорттар астық тасуға нашар пайдаланылып келеді. Осының салдарынан

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	Жыйналған дәнді дақылдар	Зябь жырту	Жемшөп дайындау	Сүрлем салу
Петропавл	38,6	20,8	68,7	17,9
Соколов	31,1	20,8	68,6	17,6
Ленин	30,7	24,0	51,6	22,9
Октябрь	28,0	19,3	35,5	20,0
Полудин	26,2	23,3	64,2	30,1
Конюхов	22,4	22,1	74,7	30,1
Булаев	19,8	18,5	27,2	28,9
Преснов	19,5	17,1	37,5	37,6
Приишім	18,9	15,7	51,6	30,3
Мамлют	18,1	20,5	46,7	21,9
Совет	11,1	12,4	38,0	29,2

* * *

торлары Лымарь, Макаров, Филиппов, Хлабыстов, Елкин жолдастар зябь жырту қарқынын кеңінен өрістету мәселесімен жете шұғылданбайды. Бұған өткен бескүндікте әрбір 15 аттық күші бар тракторлармен 4,5—9 гектардан

жемшөп дайындау жоспары 37,5—68,7 процент ғана орындалған. Сонымен қабат бірқатар колхоздарда мыңдаған гектар пішен жыйналмастан шабынды күйінде жатыр. Совет ауданында 7049 гектар

өткен жеті айына белгіленген өндірістік тапсырманы 131,6 процент орындады. Жарты жыл уақыт ішінде комбинатта еңбек өнімділігі 128,7 процентке дейін артып, шығарылған өнімнің өзіндік құны 6,1 процентке дейін кеміді. Материалдар мен шикізатты үнемдеу, жаңа техниканы өндіріске енгізу, технологиялық процестерді жетілдіре беру, отын, электр қуатын үнемді жұмсау нәтижесінде коллектив 9 миллион 600 мың сомдық ет-консерв тағамдарын жоспардағыдан тыс өндірді.

Комбинат басшыларының, партия, кәсіподақ ұйымдарының еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарыска басшылықты жақсарта түскендігін атап айтуымыз керек. Олар жарыста алған міндеттемелердің ойдағыдай орындалуын бақылаумен көбірек шұғылданады, өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін кеңінен игілігіне айналдырып отырады. Сол сияқты коллективтің творчестволық ой- пікірінен туған жаңалық, өнер табысты деркезінде зерттеп, өндіріске пайдаланады. Міне, мұның бәрі істің табысты болуына қолайлы жағдай туғызып келеді. Шойын құю- таразы заводы, «Молот», Киров атындағы кәсіпшілік артельдері де жеті айлық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын асыра орындап, еңбек өнімділігін арттыра түсті.

Бұдан облыс кәсіпорындарының жұмысында ешқандай кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Бізде бірқатар кәсіпорындардың басшылары еңбек өнімділігін арттыруды, өзіндік құнды кемітуді, өнім сапасын жақсартуды және кәсіпорынның рентабельді болуын қамтамасыз етпей

рек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін өндіріске жаңа техниканы үздіксіз енгізіп, өндіріс технологиясын онан әрі жетілдіру қажет. Әдетте, еңбек өнімділігінің артуы көбінесе жұмысшылардың техниканы, жаңа технологияны ойдағыдай меңгерулеріне байланысты. Демек, жұмысшылардың мамандығын, іске шеберлігін, тапсырманы мінсіз сапалы орындауға қабілеттілігін арттыру істің табысты болуының кепілі екендігін естен шығаруға болмайды.

Бұдан былайғы жерде өнімде ақау жібергуге, өндіріс қалдықтарын көбейтуге, өнімді қайта өңдеуге немесе төменгі сортқа түсіруге жол берілмейтін болсын. Әрбір кәсіпорынның халқымыздың өскелең талабы мен талғауына сай келерліктей ғана өнім шығарып отыруға жетісу қажет. Мұның бәрі өндірісті дұрыс та тиімді ұйымдастыруға, өндірістің кең салалы жұмыстарына басшылық пен бақылауды күшейтуге тікелей байланысты.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы қаулысын әр саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алған облыс кәсіпорындарының коллективтері партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыска қосылып, өздеріне жаңа міндеттемелер қабылдады. Өнеркәсіп орындары басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары осы міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге барлық күшті жұмылдыруға тиіс. Олар социалистік жарыска басшылықты күшейтіп, кәсіпорындарында еңбек өнімділігін үзбестен арттыра беруге, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміте беруге жетісуге міндетті.

ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖӘНЕ ПРЕМЬЕР- МИНИСТРІ ХО ШИ МИН ЖОЛДАСҚА

ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ФАМ ВАН ДОНГ ЖОЛДАСҚА

ХАНОЙ

Вьетнамның тәуелсіздігі жариялануының 10 жылдығына байланысты Сіздерді және Сіздер арқылы вьетнам халқын құттықтаймыз. Вьетнам халқына оның экономика мен мәдениетті дамыту және еңбекшілердің материалдық әл- ауқатын арттыру жолындағы күресінде жаңа табыстарға жетулерін тілейміз.

Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі және елдің барлық демократиялық ұйымдары Женева келісімдеріне сәйкес бүкіл вьетнам халқының мүддесі үшін елді біріктіруге бағытталған саясатты бұдан былай да қажырлылықпен және дәйектілікпен қорғайтынына сенім білдіреміз.

Біздің елдеріміздің арасындағы достық қатынастар Вьетнам және Совет халықтарының игілігіне, Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі баянды бейбітшіліктің мүдделері үшін бұдан былай да нығайып, дамый беретініне сенеміз.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели
К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. БУЛГАНИН.

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. МОЛОТОВ.

Москва, 1 сентябрь, 1955 жыл.

рыл қолданатындары жөнінде бірнеше рет уәде де берді. Бірақ, олар сөзден іске көшуде өздерінің оралымсыздықтарын көрсетіп отыр. Осының салдарынан бұл ауданның колхоздары 1 сентябрьге дейін егін жыйнау жоспарын небары 11,1 процент ғана орындап, облыста ең артта қалды. Аудандағы МТС-терде комбайн паркінің едәуір ұлғайтылғанына қарамастан аудан колхоздарында 1 сентябрьге дейін жыйналған егін өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1874 гектар кем болып отыр. Аудан МТС-теріндегі әрбір комбайнның орта тәуліктік жұмыс өнімділігі 4 гектардан аспай келеді. Сол сияқты, Мамлют, Приешім аудандарының басшылары да егін жыйнаудың қарқынын күшейтуге МТС-тер мен колхоздардағы барлық мүмкіншіліктіні

сырмалары ойсыраған олқылыққа ұшырауда.

Тінті комбайн бункерлерінен қырмандарға астық тасып жүрген автомобильдердің де еңбек өнімділігі нашар. Мұндай кемшіліктерге жол бермеуді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарлары Саленко және Синичкин жолдастар МТС директорларынан қатаң талап ете алмай келеді.

Зябь жыртуды табысты өткізуге облыстың қай МТС-інде, немесе колхозында болсын күш-мүмкіншілік жеткілікті. Бірақ көп жерлерде трактор паркінің босқа қарап тұрушылығына жол берілуде. Мұндай фактіні Совет, Сартомар, Шағлы, Тимирязев атындағы, Калинин атындағы МТС-тердің қамтуындағы колхоздардан жиі кездестіруге болады. Ал МТС директ-

жыртылуы толық дәлел. Мұның өзі әрбір трактордың тәуліктің еңбек өнімділігі 1—1,5 гектардан ғана болды деген сөз.

Суворов атындағы МТС-тің механизаторлары және МТС қамтуындағы колхоздың колхозшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай отырып, жемшөп дайындау жоспарын 1 сентябрьге дейін толық орындап шықты. Жоспарды орындауға Ново-Георгиев және Соколов МТС-тері де жуық.

Бірақ, облыстың көпшілік колхоздарында жемшөп дайындау қарқыны соңғы бескүндікте төмендеп кетті. Облыстың 10 МТС-сі шөп шабуды мүлдем тоқтатқан. Петропавл ауданында соңғы онкүндікте небары 48 гектар, Преснов ауданында соңғы бескүндікте 93 гектар ғана шөп шабылды. Шынында бұл аудандарда де.

Быйыл облыс колхоздарының жемшөп сүрлеуді табысты өткізуіне мүмкіншілік бола тұрса да, бұл жұмыстың жайы мүлдем нашар. Соңғы бескүндікте Сартомар МТС-сі жемшөп сүрлеуді мүлдем ұйымдастырмады. Мұның өзі МТС директоры Макаров жолдастың құнарлы мал азығын дайындау ісіне жауапсыз қарайтындығын көрсетеді.

Партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық органдарының кезіргі басты міндеті —ауылшаруашылық жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізу арқылы егін жыйнауда, астық, жемшөп дайындауда және жемшөпті сүрлеуде әрбір колхоздың, совхоздың зор табысқа ие болуын қамтамасыз ету болып саналады.

Облыс совхоздарында ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы

1 СЕНТЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Совхоздар	Жыйналған дәнді дақылдар	Зябь жырту	Дайындалған пішен	Жемшөп сүрлеу
Петропавл	74,3	34,9	51,9	16,5
Тоқшын	53,3	9,0	47,4	17,3
Торанғұл	49,2	22,0	62,2	13,0
Мамлют	35,0	24,2	78,4	28,9
Шағлы	32,6	18,8	81,0	28,0
Явленка	32,2	28,5	60,0	22,3
Қарағанды	30,8	1,4	33,7	30,8
Маленков атындағы	27,2	11,4	21,7	—
Жданов	26,3	11,2	38,4	—
Преснов	25,6	20,7	49,3	29,6
Қыялы	23,6	11,9	85,9	27,5
Булаев	20,6	8,7	11,6	—
Марьевка	20,3	12,6	46,8	—
Заря	20,2	17,2	47,8	—
Москворецк	18,6	12,9	20,4	—
Ешім	17,9	2,1	21,2	—
Дзержинский	16,2	5,8	8,9	—
Аманкелді	15,7	8,0	39,2	—
Ленин	15,6	5,1	34,8	—
Совет	15,3	9,5	65,6	46,9
Приешім	15,3	6,9	58,5	56,9
Молодежный	15,3	9,0	52,1	—
Буденный	14,7	1,3	42,6	9,4
Чистов	14,6	5,1	66,7	27,2
Возвышен	14,4	9,4	68,5	17,1
Ұзынкөл	14,1	8,8	67,0	6,3
Октябрь	13,1	1,9	25,4	39,4
Тамань дивизиясы атындағы	12,2	10,9	76,9	—
Черкасс	8,3	7,9	83,3	—
Тимирязев	8,2	11,2	18,6	—
Жамбыл	7,5	4,1	11,3	—
Степной	7,1	1,5	32,4	23,4
Интернационал	5,0	9,9	11,4	—
Хрущев	4,7	6,9	31,1	—
Қызыләскер	3,2	4,3	54,8	12,0
Украин	1,1	—	21,1	—
Докучаев	0,8	—	40,8	—

Совхоз басшылары мен партия ұйымдары егін жыйнауға барлық мүмкіншіліктерді жұмыдырған жерлерде ғана бұл жұмыстың барысы айтарлықтай болып отыр. Таяудағы күндерде Петропавл және Тоқшын совхоздары егін жыйнауды аяқтап шығады. Осы сияқты, соңғы бескүндікте егін жыйнау қарқыны Маленков атындағы, Жданов атындағы, Торанғұл, Шағлы және Преснов совхоздарында кеңінен өріс алды.

Алайда көп совхоздарда егін жыйнау қарқыны әлі мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Черкасс, Тимирязев атындағы, Жамбыл атындағы, Хрущев атындағы, Степной, Интернационал, Қызыләскер совхоздарының басшылары осы уақытқа дейін егін жыйнауға барлық күш-мүмкіншілікті толық пайдалана алмай келеді.

Жаңдай Украин және Докучаев атындағы совхоздарда бұдан да нашар. Тегі совхоз директорлары Григорьянц, Журат, совхоз партия ұйымының секретарьлары Рожков, Мұхаметшин жолдастар егін жыйнау— жауапты жұмыс екенін, бұл істе кешігу —астық ысырабына жол беру екенін ұмытса керек.

Облыс совхоздарында егін жыйнау қарқыны төмен болумен бірге астық ысырабына жол берілуде. Мұндай фактіні Москворецк және Октябрь совхоздарынан келтіруге болады. Бұларда егіннің сабақта тұрып, дәні түсуде. Ал, Докучаев атындағы және Украин совхоздарында бастырылған астық кезінде тазартылмағандықтан қырманда шіріп бүлінуде.

Совхоздар егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарымен бірге зябь жыртуды кеңінен өрістетуге тиіс. Рас, Петропавл, Явленка, Торанғұл, Преснов және Мамлют совхоздары жұмысты осылайша ұйымдастырып та келеді. Мұнда егіні жыйналған участоктер сол күні зябьке жыртылады. Дегенмен, бірқатар совхоздар елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр. Ешім совхозында 4526 гектар егін жыйналды. Ал осылардан небары 550 гектар ғана жер зябьке жыртылған. Жұмыс қарқынының бұлайша төмен болу себебі сол, совхоз директоры Гайдуков жолдас трактор паркін зябь жыртуға толық қатыстыра алмай келеді.

Осы уақытқа дейін бірде-бір совхозда жемшөп дайындау жоспары орындалған жоқ. Бірақ, облыс совхоздарының дерлігі шөп шабуды тоқтатқан. Ол ол-ма, тінті кейбір совхоздарда егіннің сабаны мен топанын жыйнауға да жеткіліктімен бермей отыр.

Жемшөп сүрлеуде де елеулі олқылық бар. Әлі күнге дейін жүгерінің көпшілігі жыйналмай сабақта тұрып, сапасын төмендетуде. Жоспар орындалмаса да Ұзынкөл және Возвышен совхоздары соңғы бес күнде жемшөп сүрлеуді ұйымдастырмады. Солай бола тұрса да, совхоз директорлары Газенко және Богинич жолдастар бұл кемшілікті үзілді-кесілді жоюдың нақтылы шарасын қолданбай-ақ жүр.

Кәзір егін жыйнаудың шешуші кезеңі туды. Сондықтан әрбір совхозда егін жыйнау тәулік бойы ұйымдастырылып, комбайндардан астық түсіру және дайындау пункттеріне астық жөнелту жұмыстары тоқтаусыз жүргізілетін болсын. Сонымен бірге егін жыйнаудың сапасына, қырмандардағы астықтың бүлінбеуіне жете назар аударылуы керек.

Егін жыйнау, астық дайындаумен бірге, шөп шабу, зябь жырту, егіннің сабаны мен топанын жыйнап, маялау жұмыстары да тыңғылықты ұйымдастырылуға тиіс.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Малшылар арасындағы партиялық-саяси жұмыс

Совхоз коллективінің алдына сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру және облыс колхоздары мен совхоздарына асыл тұқымды жас малды көптеп сату міндеті жүктелін отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру жолында бастауыш партия ұйымы жұмысшылар коллективімен тығыз байланыс жасай отырып, бірқатар жұмыстар жүргізуде.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін бізде ашық партия жыйналысы шақырылды. Ол жыйналыста Пленум материалдары талқыланды. Үгітшілер тобымен нұсқау- кеңестер өткізілді. Коммунистер мен комсомолецтер жұмыстың ең жауапты участоктеріне жіберілді. Бұл күндері мал шаруашылығында 30-дан астам коммунистер мен комсомолецтер жұмыс істейді. Олардың барлығы дерлік мал күтуші, сауыншы, бұзау өсіруші, сауын сыйырлар табынының меңгерушілері міндеттерін атқарады.

Коллектив арасында социалистік жарыс туының жоғары болуына, оның жарияялылығын қамтамасыз етуге бастауыш партия ұйымы ерекше көңіл бөліп келеді. Фермалардың барлығында жиі-жиі өндірістік жыйналыстар шақырылып, оған совхоз директоры, мал мамандары қатысады. Жыйналыстарда социалистік жарыстың қорытындысы шығарылып, қол жеткен жетістіктермен қатар кемшіліктердің де себептері айтылады. Орын алған кемшіліктерді жою жөнінде көпшілік пікірі ұйымдастырылады. Озаттардың еңбек көрсеткіштері жауынгерлік листоктардың бетінде, қабырға газеттерінде жарияланып, көрсеткіш тақтасына жазылады. Социалистік жарыстың жартыжылдық қорытындысы жалпы совхоз коллективінің жыйналысында талқыланды.

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысын шығарғанда мемлекетке мал өнімдерін тапсыру жоспары 89,5 процент тана орындалғаны байқалды. Бастауыш партия ұйымы бұл жағдайға төзе алмады. Партия ұйымы өзінің жыйналысында арнаулы мәселе талқылап, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөнінде шаралар белгіледі. № 1 ферманың басшы кадрларын қолынан іс келетін коммунист есебінен нығайту жөнінде совхоз дирекциясының алдына мәселе қойды.

Қоғамдық малдың өнімділігін қыс айында да кемітпеу үшін берік жемшөп қорын жасау керек екені мәлім. Бастауыш партия ұйымы бұл мәселеге де назар аударып келеді. Үстіміздегі жылы совхоз бу маусымында кеңалымды шөп машинасымен мың гектар жердің шөбін шапты.

Бұл күндері шөп сүрлеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Кәзір 1619 тонна жүгері және күнбағыс көкшелері сүрленді. Мал қораларын жөндеу, жаңа қоралар салу жұмыстары да кең көлемде жүргізілуде. Әрқайсысы 100 бастық екі сыйыр қорасының құрылысы аяқталып келеді.

Кәзір мал өсірушілер партияның XX съезі күрметіндегі социалистік жарыска ұштасын көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Совхоз үстіміздегі жылы әрбір сауын сыйырдан 4100 килограмм сүт алуға, ал О. Коттонен жолдас басқаратын № 1 табынының сауыншылары әрбір сауын сыйырдан 4200 килограмм сүт сауууға жетіспек. Юлия Пюненен, Евдокия Стафеева, Мария Дик сыяқты озат сауыншылар қарауындағы әрбір сауын сыйырдан 5000—5500 килограмм сүт алу жолында еңбек етіп келеді. Бұл жолдастардың әрқайсысы 7 ай мерзім ішінде 3 мың килограмнан сүт сауды.

Партия ұйымы совхоз коллективінің арасында саяси-бұқаралық жұмысты өрістету үшін құрамында 33 адамы бар үгітшілер коллективін ұйымдастырды. Үгіт коллективінің құрамына 17 коммунист және 10 комсомолец жіберілді. Үгітшілердің барлығы да орта, жоғары білімдері бар, ең азы үш жыл үгітші болып істеген жолдастар. Үгітшілермен әр он күн сайын нұсқау-кеңестер өткізіліп тұрады. Соңғы өткізілген кеңесте үгітшілерге мынадай тақырыптарда лекция оқылды: СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қорытындысы, астық жыйнау кезіндегі саясибұқаралық жұмыстың формалары мен әдістері және қабырға газетінің міндеті, тәжрибе ауысу.

Совхоздағы сауын сыйырлар табындарының барлығында қызыл мүйіс ұйымдастырылған. Жұмысшылар өздерінің бос уақыттарының көпшілігін осы қызыл мүйіс үйінде өткізеді. Олар одақтық, республикалық және облыстық газеттер оқыйды, радио хабарларын тыңдайды. Қызыл мүйіс үйінде үгітшілер совхоз жұмысшыларына арнап түрлі тақырыптарда лекциялар оқыйды, әңгімелер өткізеді.

Біз жоғарыда партиялық-саяси жұмыстың жайы, оның нәтижелері туралы айттық. Бірақ, мұнан бізде ешқандай кемшіліктер жоқ деп ойлауға тіпті де болмайды. Әрбір жұмысшымен жеке жұмыс жүргізуде кейбір формальдылық кездеседі. Парт[illegible]

Каркас-қамыс үйлер

Республиканың тың жерлер игеріліп жатқан аудандарында өте көлемді тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Мұнда жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануға зор көңіл бөлінеді. Мұндай материалдардың ең көп кездесетін түрлерінің бірі қамыс болып табылады, оның қоры Қазақстанда есепсіз көп. Қамыстың негізінде жаңа өнеркәсіп —қамыс өнеркәсібі ұйымдастырылуда. Алматы облысында бірінші болып іске қосылған Іле қамыс заводы 25 мың шаршыметр қамыс плиталарын жасады. Қазақстанда республиканың жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің қамыстан плиталар, шомдар және будалар жасайтын 25 заводы іске қосылады.

Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың қалалық және селолық құрылыс министрлігінің «Казгипрогорсельстрой» институты жасаған солтүстік аудандардың селолық жерлерінде салынатын каркас- қамыс тұрғын үйлердің типтік екі жобасын бекітті. Мұндай үйдің біреуі үш бөлмелі, екіншісі екі бөлмелі болмақшы. Ондай үйлер жасау индустриалдық әдістермен ұйымдастырылатын болады. Бұл үйлердің өзіндік құнын құрылыс практикасы білетін бағалардың бәрінен де арзандатады.

Қалалық және селолық құрылыс министрлігіне тәжрибе ретіндегі бұл үйлердің құрастырылуы кезінде авторлардың оны байқауын, сондай-ақ бұл үйлердің пайдаланудағы сапасын білуін тапсырды.

Жобалардың альбомдары 1000 дана тиражбен көбейтілді. (ҚазТАГ).

Құрылысшылардың селоға көмегі

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның құрылысшылары ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне зор көмек көрсетуде. «Алтайсвинецстрой» трестінің механизаторлары өздері қамқорлыққа алған колхоздарда жер қазатын машиналардың көмегімен жүз мың центнер жемшөп сүрлеуге жарайтын траншеялар қазып берді. Кәзір олардың қабырғаларын қалап сылау жұмыстары аяқталып келеді. «Сибэлектромонтаж» басқармасының қыз меткерлері Киров ауданының «Заветы Ильича» колхозын электрлендірді. Мұның өзі қырманды механикаландыруға, астық тазартуда мыңға жуық еңбеккүн үнемдеуге мүмкіндік берді. Монтажшылар колхоздарда мал қораларында 10 километрден асатын электр сымын тартуды ұйғарды, токты кемітетін көмекші станциялар орната бастады. Бірқатар шаруашылықтарды Бұхтарма СЭС-інің, «Зыряновскстрой» және «Лениногорск-свинострой» трестерінің құрылысшылар[illegible]

ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРДІ ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫП, ӨНІМДІ КӨП, ӘРІ САПАЛЫ ШЫҒАРАЙЫҚ!

☆ ☆ ☆

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі СОКП XX съезі күрметіндегі социалистік жарысқа алдыңғылардың бірі болып қосылды. Сөйтіп, олар еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

СУРЕТТЕ: сменалық тапсырмасын үнемі асырып орындауға жетіскен үйренуші-мотористка Мағрипа Қажымұратова жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Халық тұтынатын товарлар өндірудегі кемшіліктер тез жойылсын

Халықтың күнбе-күн өсіп отырған тұтыну қажетін өтеу ісінде жергілікті өнеркәсін орындары маңызды роль атқарады. Өйткені жергілікті өнеркәсін орындарында еңбекшілердің тұтынуына лайық әр алуан товарлар шығаруға қажетті жағдайдың бәрі де бар. Кәсіпшілік артельдері мен өндіріс комбинаттары жаңа техникамен үздіксіз жабдықталуда. Сонымен бірге оларда жақсы жабдықталған өндіріс үйі, маман кадрлар бар, шикізаттар мен материалдар қоры да жетерлікті.

Міне осының бәрі қаланың жергілікті өнеркәсібіне халық тұтынатын товарлар шығаруды барған сайын ұлғайта түсуіне мүмкіндік беруде. Мысалы, облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты кәсіпшілік артельдерінің 1955 жылдың өткен жеті айы ішінде 1950 жылмен салыстырғанда 7 миллион 81 мың 300 сомның товарын

Еңбекшілерге киім және аяқкиім тігіп беру, құрылыс материалдарын өндіруге тиісті кәсіпорындарының бірі —қалалық өндіріс комбинаты. Мұндағы жағдай да жоғарыдағы сыяқты. Комбинат басшыларының (директоры Никулин жолдас) өндіріске басшылығы өте нашар, олардың жаңа техниканы енгізуге, оны дұрыс пайдалануға көңіл бөлмейді. Соның салдарынан көп жұмыстар әлі күнге ескі әдіспен, қолмен атқарылады.

Ал шынында бұл комбинатта еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға толық мүмкіншілік бар. Мәселен, май заводында екінші престі механикаландырып, кәзір бүлінуге айналған майлы дақылдарды сақтап қалуға және жалпы өнім шығаруды ұлғайтуға өбден болады. Бірақ комбинат басшыларының іске салақ қарауынан бұл жұмыс әлі

жетті құрал- саймандарды іріктеп алып, оларды өнімді пайдалану керек.

Кәсіпшілік артельдерінің басшылары қалалық сауда бөлімі дайын буйымдарымызды алмайды деген шағымды көбірек айтып жүр. Бұл неліктен? Осы арада кінәлі кім? Әрине бұған халық қажетін ешбір өтей алмайтын товарлар өндіретін кәсіпшілік артельдерінің басшылары кінәлі. «Галантерейщик» кәсіпшілік артелі өндірген чемодан, түйме, тарақ сыяқты буйымдары әрі сапасыз, әрі көріксіз болғандықтан қала, сондай-ақ облыс еңбекшілері арасынан соңғы кезде ешбір керексіну тапай отырғаны бұған айқын дәлел. Артель 400 мың сомның түймелерін қалаға өткізе алмай басқа аудандарға шығарып сатуға мәжбүр болды. Ал қалалық сауда бөлімі артельден 118 мың сомның орнына 5 мың сомның тарақта[illegible]

ге біржылдық шөп, 150 гектар жерге тамыржемістер еккен болатын. Жемшөп дайындаудың жоспары кәзір 80 процент орындалды. Шөп шабу оны жыйнау жұмыстарында коммунист И. Лукин жолдас коллектив құрметіне бөленді. Ол шөп шатырып, мал өсірушілерді жаңа табыстарға жұмылдырады.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют тұқымдық мал совхозы, бастауыш партия ұйымының секретары.

МТС лекторийі

Өткен жылы партия ұйымының инициативасымен Преснов МТС-інде лекторий ұйымдасқан-ды. Оның құрамында 9 адам бар. Лекторий мүшелері трактор бригадалары мен жөндеу мастерскойында жиі болып, механизаторлар үшін ауыл шаруашылығы тақырыбында лекциялар оқыйды, партия мен үкметтің қарарлары жөнінде баяндамалар жасайды.

Үстіміздегі жылдың өткен сегіз айында механизаторлар үшін 46 лекция оқылды. Лекциялық насихатқа, әсресе МТС мамандары Селиванов, Ефремова, Гизенко жолдастар белсене қатысып жүр.

М. НАЗАРИН,

МТС партия ұйымының секретары.

Көкшетау облысы бір миллион гектар тың көтерді

Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздары СОКП XX съезі құрметіндегі жарысқа қосылып, тың және тыңайған жер көтеру жөніндегі өздерінің міндетгемелерін едәуір асыра орындады. Өткен жылы және быйылғы жылда облыста небәрі 2.182 мың гектар жаңа жер жыртылды. (ҚазТАГ).

Комсомолдардың өндірістегі белсенділігін арттыра берейік

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысына жауап ретінде еліміздің еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, еңбек өнімділігін арттыру, техниканы өнімді пайдалану жолындағы социалистік жарысқа біркісідей жұмылды. Ал комсомолдар мен жастар бұл істі істе алдыңғы сапта келеді. Жуырда болып өткен қалалық комсомол комитетінің пленумы осы мәселені талқылап, қала комсомолцтерінің өндірістік белсенділігін атап көрсетті.

Пленумда баяндама жасаған қалалық комсомол комитетінің секретары Шәкіров жолдас қаланың өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін комсомолцтердің еңбек өнімділігін барған сайын арттырып отырғандығы туралы айтты. Егер қаланың өнеркәсіп орындары жеті айлық жоспарды мерзімінен бұрын 107,5 процент етіп орындаған болса, бұл сыяқты зор табысқа комсомолцтердің қосқан үлесі аз емес.

Қаланың кәсіпорнында өздерінің қажырлы еңбектерімен құрметке бөленіп отырған озаттар көптеп саналады. Мәселен, бізде 150-ден астам комсомол-жастар бригадасы жұмыс істейді. Бұлардың басым көпшілігі өз нормаларын біржарымекі еседен орындап келеді. 250-ден астам жас жұмысшы 5—14 жылдық норма орындады.

Дегенмен, комсомолдардың өндірістегі белсенділігін арттыруда әлі де болса көптеген кемшіліктерге жол берілін отыр. Бірқатар кәсіпорындарындағы комсомол комитеттері алдыңғы қатарлы жұмысшылардың жүгелеген топтарымен шұғылданып, жастар арасындағы социалистік жарыстың көпшілікке жария және бұқаралық болуына көңіл аудармайды. Сол сыяқты озат тәжрибені тарату жұмысы да өз дәрежесінде емес. Бұған мысал ретінде шағын двигательдер заводын, № 1 кірпіш заводын алуға болады. Бұл кәсіпорынның комсомол комитеттері комсомолцтердің белгіленген норманы орындап отыруына жетіспейді, техникалардың толық қуатын сарқа пайдалануды қамтамасыз етпейді.

Айта кету керек, шағын двигательдер заводындағы жұмысшылардың жартысынан астамы комсомолцтер бола тұрса да, комсомол комитетінің секретары Ерзаков жолдас жас жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін өсіруге, олардың арасында еңбек тәртібін нығайтуға көңіл аудармай келеді. Мәселен, өткен айдың өзінде ғана мұнда 80 комсомолец жұмысқа кешігіп келді. Бұл уақыт ішінде 90-ға жуық жұмысшылар заводтан кетіп қалды. Тек қана жұмысшылардың жұмысқа кешігін келуінен 30 мыңнан астам сом зиян шегілді. Жағдай осыншалықты нашар бола тұрса да завод комсомол комитеті бұл кемшіліктерді жою жолында дәрменсіздікке салынып отыр. Бір кезде заводта рейд бригадалары, бақылау постылары құрылып, жұмыстағы олқылықтарды қатаң сынға алатын жауынгерлік листоктар мен молниялар жүйелі түрде шығып тұратын еді. Бірақ соңғы кезде бұл итілікті бастама ұмыт болуға айналды.

Қалада екі темір- бетон конструкциялы заводтары салынып жатыр. Бұл құрылыстар қала комсомолецтерінің қамтуында болатын. Бірақ осы уақытқа дейін бұл аса маңызды участокке комсомолецтер тарапынан жарытымды көмек болмай отыр. Мәселен, қалалық комсомол комитеті бұл құрылыстарға 100 комсомолец жіберу орнына 30-ақ адам жіберді.

Пленумда жарыссөзге шығып сөйлеген шешендер қалалық комсомол комитетінің жұмысында орын алып отырған бұл кемшіліктерді қатаң сынға алды. Петропавл темір жол бөлімшесі саяси бөлімінің нұсқаушысы Максимов жолдас осы уақытқа дейін қалалық комитеттің бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармағандығы туралы айтты.

—Соңғы уақытта рационализаторлық ұсыныстар жасаған жас жұмысшылардың саны мүлде азайып кетті,—деді ол.— Мұның себебі көптеген комсомол комитеттерінің бұл маңызды жұмысқа мән бермегендігінен болып отыр. Мәселен, тепловоз депосында жеті ай ішінде небары 14 рационализаторлық ұсыныс енгізілді. Ал оның екеуі ғана жүзеге асырылды.

Новичков жолдас қалалық комсомол комитетінің өнеркәсіп орындарындағы жастардың өміріне жеткілікті назар аудармайтындығын сынады.

—Мәселен,— деді ол, —өткен жылы кешкі мектептерде оқуға жазылған жұмысшылардың 80 процентген астамы оқуды тастап кетті. Өйткені бірқатар кәсіпорындардың басшылары, әсресе шағын двигательдер заводының, шойын құйтаразы заводының, «Комсомолка» тігін фабрикасының басшылары жас жұмысшылардың кешкі мектепте оқуы үшін жағдай жасамады. Жағдай жаңа оқу жылында да жақсарған жоқ. Мәселен, 25 августқа дейін кешкі мектептерде оқуға 1000 адам орнына 200 жұмысшы ғана жазылды.

Пленумға қатысушылар тепловоз депосы комсомол ұйымының секретары Некрасов жолдастың сөзін зор ынтамен тыңдады. Ол депо комсомолецтерінің жаңа техниканы меңгерудегі табыстары туралы мәлімдеді. Бұл депода 9 тепловоздан комсомол-жастар колоннасы ұйымдастырылған. Сол сыяқты мұнда жас жұмысшылардың мәдени -техникалық дәрежесін өсіруге баса көңіл бөлінген.

Пленум комсомолдардың өндірістегі белсенділігін арттыруға бағытталған шаралар белгіледі.

* * *

Пленум ұйымдастыру мәселесін қарады. Шәкіров жолдастың оқуға баруына байланысты пленум оны қалалық комсомол комитетінің бірінші секретары қызметінен босатты. Қалалық комсомол комитетінің секретары болып Ю. Г. Марков жолдас сайланды.

Техникалық прогресс үшін

Шағын двигательдер заводының құю цехында қуатты қоспа агрегаты бар топырақ дайындайтын бөлім пайдалануға берілді. Бұдан біраз уақыт бұрын жасалған үлгілерге топырақ қолмен құйылатын да, еңбекті көп керек етіп, жұмыс өнімсіз істелінетін. Кәзір транспортер арқылы келтірілген бункерден топырақ қалыпқа өздігінен құйылады. Топырақ сапасының жақсы болуы көзделіп, оны магнит-сеператорынан өткізу жүзеге асырылды. Сол сыяқты цехта құю конвейері жабдықталып, пайдалануға берілді. Үлгі жасауды машина күшімен атқару —құйылып жасалатын тетіктерді біржарым есеге дейін арттыруға мүмкіндік туғызып, жұмыстың бұл саласында еңбек өнімділігін 28 процентке дейін арттыра түсті. Заводтың құю цехын қайтадан жаңарту ісіне цехтың инженер-техник қызметкерлері белсене қатысты.

Заводтың ең ірі цехтарының бірі—механикалық цех. Бұл цехта өндіріске жаңа техника енгізіле бастады. Мәселен, шлифовка станогінде бұрын екі адам жұмыс істеп келген-ді. Мұндағы екінші адам өндіріске өз мүмкіндігінің тек жартысын ғана жұмсайтын. Өйткені оның бар атқаратын жұмысы станокте өңделген поршиндерді алып, тәртіптеп қатарлау еді. Жақында бұл станокке қосымша тетік орнатылды. Сол тетік арқылы дайын өнім қажетті жерге өзінен өзі түсірілетін болды. Осының өзінен бір еңбек адамын басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік туды.

Поршин сақиналарына шлифовка жасау процесі де жаңартылды. Бір станокке өздігінен тиегіш орнатылды. Бұл жағдайда тетіктер өңдеуге автомат арқылы беріледі.

Өнеркәсіпте шығарылатын өнімді молайту жөнінде сөз болғанда, техникалық байқаудан өткізетін аппараттың жұмысын жақсарту, тетіктерді өлшеудің жаңа әдістерін қолдануды іске асыру керек екенін естен шығармау керек. Ол үшін бақылауды, автоматтандыру байқау-өлшеу аспаптарының жоғары өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Механикалық цехта кәзірдің өзінде байқау әдісі автоматтандырылған 6 станок жұмыс істейді. Бұларда өңделіп жатқан өнімдерге өлшеу жүргізу индикатор тұтқалары арқылы жүргізіледі. Мұндай тұтқалар име валдарға, бөлгіш валиктерге, жүйелегіштерге және басқа тетіктерге шлифовка жасағанда да қолданыла бастады. Индикатор тұтқаларын өндіріске енгізу жұмыстың бұл саласында еңбек өнімділігін 20 процент арттырды және өнімде кететін ақауды едәуір кеміте түсті.

Шағын двигательдер заводы таяудағы күндерде поршиндерді, поршин сақиналарын тағы басқа тетіктерді жаппай байқаудан өткізетін автомат алады.

Бұл күндері аталған цехтардың жаңашыл жұмысшылары өндіріске жаңа техниканы енгізу, техникалық прогресті дамыту жолында аянбай еңбек етуде.

К. МҰСТАФИН.

артық өндірді. Шұғылық, жаңарсы, [illegible] шель өндіру үш еседен астам, киім және аяқкиім тігу екі еседен астам артты. Сол сыяқты кровать, мебель және басқа да үй шаруашылығына қажетті бұйымдар өндіру едәуір арта түсті.

Егер қаланың жергілікті өнеркәсібі өзінің ішкі мүмкіншіліктерін, әсресе жергілікті шикізаттар мен материалдар қорын толырақ пайдаланған болса, еңбекшілердің тұтынуына күнбе-күн қажетті өнеркәсіп пен азық- түлік тауарларын бұдан әлдеқайда көп бере алар еді. Бірақ, не пайда, бірқатар жергілікті кәсіпорындары көп уақыттан бері өздерінің мүмкіншіліктеріне сай жұмыс істей алмай, өнімді әрі аз, әрі сапасыз шығарып келеді.

Қаладағы жегу әбзелдері мен мебель жасайтын комбинатта жағдай дәл осындай. Мұнда көп уақытқа дейін өндіріске нақтылы басшылық жасалмай келді. Соның салдарынан құрал- жабдықтар, материалдар дұрыс пайдаланылмайды, еңбек өнімділігі өте төмен, өнім шығару жоспары үнемі орындалмайды. Оның үстіне өнімде ақау өте көп жіберіліп жүр. Мұнда жасалатын шифонерлердің, столдардың, орындықтардың, дивандардың, арбалардың сапасы тұтынушылардың талабын ешбір қанағаттандырмайды.

Үстіміздегі жылы бұл комбинат қалалық сауда бөлімімен жасасқан шарт бойынша еңбекшілерге сатуға түсіру үшін киім ілетін 150 шкаф, 500 орындық, 50 жұмсақ диван, 300 кухня столын, гүл жұмыраларын қоятын 200 орындық шығаруға міндетті еді. Комбинат басшыларының бұған жауапсыз қараушылығы сонша, олар еңбекшілерге осы күнге дейін өте қажет болып отырған бұл бұйымдардың бірде- бірін қалалық сауда бөліміне дайындап берген жоқ және оларды жасауға кіріскен де жоқ.

Сондай-ақ жаңа техниканы өндіріске енгізу есебінен ай сайын 3 миллион кірпіш өндіруге болар еді. Амал қанша, мұнда құрылыстық кірпіш өндірудің қолда бар мүмкіншіліктері толық пайдаланылмай отыр. Жаңа пресс әлі құрастырылған жоқ, кірпіш кептіретін алаң салу ісі де аяқсыз қалды. Рас, комбинаттағылар жұмысты ескі преспен істеп жатыр. Оның өзі де иесіздіктің салдарынан техникалық жағынан тозып, жарамсыз күйге ұшыраған. Мұнымен тәулігіне дені іске алғысыз 2—3 мың ғана кірпіш өндірілуде.

Облыстық кәсіпшілік Советінде қарасты бірқатар артельдердің жұмысының жайы да қанағаттанғысыз. Бұған мына төмендегі кәсіпшілік артельдерінің жұмысы толық дәлел. «Деревообделочник» кәсіпшілік артелі (председателі Бондаренко жолдас) жалпы өнім шығару жөнінен белгіленген жоспарды орындап келеді. Ал осы артельде өндірістік жоспарды өнімнің түр- түрі бойынша орындап шығуға мүмкіншілік бар ма? Әбден бар. Бұл артельде тіпті шығарылатын бұйымдардың ассортиментін көптеп ұлғайтуға болады. Мұнда әсресе диван, кухня столдарын, әртүрлі киім ілгіштер, орындықтар, ойнағыштар және басқа мебель бұйымдарын жасауға қажетті материалдар жеткілікті. Соған қарамастан бұл артель аталған бұйымдарды аз өндіруде және олардың көбінің сапасы тұтынушылардың қажетін өтей аларлық дәрежеде емес. Соның салдарынан еңбекшілер үшін қажетті мебель бұйымдары жыл сайын Ленинград, Майкоп, Александровка сықты қалалардан тасып әкелініп жүр.

Ал, бұл артельдегі осы олқылықты жою үшін не істеу керек? Бұл үшін алдымен қолда бар мамандарды жұмысқа толық орналастырып, соған лайық қа-

чемодан ғана алды.

Халық тұтынатын тауарлар өндіретін кәсіпорындарының жұмысындағы мұндай кемшіліктерді жойып, өнім шығаруды ұлғайта беру үшін ең алдымен техниканы пайдалану ісін мықтап жақсарту, жаңа техниканы кеңінен енгізу, технологиялық процестерді үздіксіз жетілдіру керек. Жасыратыны жоқ, өндіріс комбинаттары мен кәсіпшілік артельдерінде жұмысшылардың техникалық оқуы мүлде жүргізілмейді, құрал- жабдықтарға техникалық бақылау және оларды күту ісі осы уақытқа дейін ұйымдастырылмай отыр.

Бұл жөнінде облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мен кәсіпшілік Советі басшыларының да кінәлі екенін атап айтуымыз керек. Өйткені, бұл мекемелер тарапынан артельдер мен комбинаттардың технорукторлері жұмысты жақсартуға мүмкіндік берерліктей нақтылы техникалық көмек, нұсқаулар ала алмай келеді. Енді жерде аталған мекемелердің басшылары Соколов және Трушкин жолдастар техникалық бөлім мен техникалық жабдықтау бөлімінің жұмысын жақсартуға шұғыл шаралар белгілеулері қажет. Сөйтіп олар ішкі резервтер мен мүмкіншіліктердің толық пайдаланылуын қамтамасыз етіп, өздері басшылық етіп отырған халық тұтынатын тауарлар өндіретін кәсіпорындарының жұмысын СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы алға қойған міндеттерді аброймен орындау мүддесіне сай қайта құруға, халқымыз қажет етіп отырған тауарларды әрі көп, әрі сапалы етіп шығаруға жетісуге міндетті.

А. ГОЛОЗУБОВ,

ҚКП Петропавл қалалық комитетінің өнеркәсіп- транспорт бөлімінің нұсқаушысы.

МАМЛЮТ АУДАНЫНДА

Ауданда бірінші

Жданов атындағы колхоздың колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мақсатымен быйыл жүгері егісінің көлемін едәуір ұлғайтқан болатын. Мұнда 130 гектар жүгері шаршы-ұялы әдіспен егілді. Егіс жаз бойы екі рет екі бағытта культивацияланып, деркезінде жегенеленді. Мұның өзі жүгерінің шығымы мол болуына және көкше күйінде өнімді мол алуға бірден-бір жағдай жасады.

Колхозшылар бұл дақылды жыйнауға қызу кірісіп, оны ұйымшылдықпен жүргізді. Сонымен бірге колхозшылар барлық мүмкіншілікті жүгеріні кезінде сүрлеуге жұмылдыра білді. Соның нәтижесінде колхоз жүгеріні жыйнауды және сүрлеуді ауданда бірінші болып аяқтап шықты. Кейбір участоктердегі жүгерінің гектарынан көкше күйінде 150—200 центнер өнім алынды.

Мамлют орта мектебінің коллективі 1938 жылы Кондратовка питомнигінен ағаш тұқымдарын әкеліп, аллеяға еккен болатын. Кәзір ол ағаштар жақсы өсіп, аллеяны көркейтіп тұр.

СУРЕТТЕ: мектеп жанындағы аллея.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

ҚОСЫМША АҚЫ

Жақында Ворошилов атындағы колхоздың басқармасы алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің еңбеккүндеріне қосымша ақы төледі. Сауыншы Елизавета Кондратенко жолдас 8 айда әрбір сауын сыйырдан 1200 килограмм сүт сауып, қарауындағы 13 сыйырдан 13 бұзауды шығынсыз өсірген. Оның еңбегі жоғары бағаланып, еңбегіне қосымша ақыға бір бұзау берілді. Сауыншы Пелагея Мацкевич жолдас та 12 сыйырдан 12 бұзау өсіріп, әрбір сауын сыйырдан 1110 килограмм сүт сауғаны үшін еңбегіне қосымша ақыға бір бұзау алды.

Қосымша ақы бұзау күтушілер Х. Байтемірова, У. Медведюк, А. Доля жолдастарға да берілді.

52 мың бума жапырақ

Чкалов атындағы колхоздың колхозшылары жемшөп қорын толықтыруға ішкі резервтерді жете пайдалануда. Мұнда табиғи, екпе шөптерді шауып, жыйнаумен бірге, ағаш тал жапырақтары, шіліктер дайындалуда. Кәзірдің өзінде 52 мың жапырақ бумалары әзірленді. Бұл ауданның барлық колхоздарында әзірленген жапырақ бумаларының жартысына тең.

КОЛХОЗ ҚАРЖЫСЫМЕН

«Индустрия» колхозының колхозшылары тарандықтардың бастамасын қызу қолдай отырып, быйыл Сливное селосында колхоз күшімен жаңадан бастауыш мектеп салуға міндеттенген болатын. Олар алған міндеттемесін абройімен орындады.

Колхозшылар оқу жылы басталғанға дейін мектеп құрылысын аяқтап, толық әзір етті. 1 сентябрьден бастап, онда село еңбекшілерінің балалары оқый бастады. Колхоз жаңа мектептің құрылысына 75 мың сом қаржы жұмсады.

Жаңа клуб

«Заветы Ильича» колхозының колхозшылары быйыл жаңадан клуб салуды ұйғарған болатын. Кәзір клубтың негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды, оның іші-сырты сыланып, төбе және еден тақтайлары сырланып жатыр. Клубта оқу үйі, киноқондырмасы болады.

Село спортшыларының спартакиадасында

«Пестрое» көлінің жағасында село спортшыларының екі күнге созылған төртінші спартакиадасы аяқталды. Оған 200-ден астам село спортшылары қатысты.

100 метрлік қашыққа жүгіруде ерлер арасында Совет ауданының спортшысы Лаптев бірінші орынға ие болды. Ал әйелдер бұл қашықтыққа жарыста зор табысқа жетті. Мәселен, Октябрь ауданының спортшысы Полищук 100 метрлік қашықтықты 13,5 секундта жүгіріп өтіп, жолдастар 800 метрлік қашықтықты 2 минут 10 секундқа жүгіріп өтіп, бір-екінші орындарды бөлісіп алды. Бұл қашықтықтағы облыс чемпионы құрметті атағына әйелдер арасынан Баклаева жолдас ие болды. Ал Солонник (Преснов ауданы) жолдас ядро лақтырудан облыстық рекордты екі метрге жақсартты.

Эстафеталық жарыста бірінші орынды Октябрь ауданының спортшылары, ал жеңіл атлетикадан командалық жарыста Преснов ауданының спортшылары бірінші

СЫЙЫР МАЛЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

☆

Мал өсірушілерге кеңес

☆

Партиямыз бен үкметіміз мал шаруашылығы жөніндегі қаулыларда қоғамдық мал басын көбейтуді міндетті түрде мал шаруашылығы өнімдерін арттыра беру тұрғысынан жүзеге асыруды, демек малдың тұқымдық сапасын жақсартуды талап етеді. Бұл талапты қалтқысыз жүзеге асыру үшін әрбір шаруашылықта жемшөп қорын барынша нығайтып, малдың азық рационын барған сайын байытып отыру керек. Малды күтуді жақсартып, оның тұқымын асылдандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру қажет.

Малдың тұқымын асылдандыруда оның сапасын бағалау үлкен роль атқарады. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігі жасаған жаңа нұсқау бойынша сыйыр малының сапасын бағалау жыл сайын күзде жүргізіледі. Барлық колхоздар мен совхоздар сыйыр малының сапасын бағалауда осы нұсқауды басшылыққа алады. Бұл нұсқауда малдың сапасын бағалауды, мұның қорытындылары бойынша шаралар белгілеуді мичуриндік биологиялық ғылымның және мал шаруашылығы өнімдерін арттыруда, малдың асыл тұқымдылығын жетілдіруде, малдың отандық жаңа тұқымдарын шығаруда табысқа жеткен алдыңғы қатарлы советтік шаруашылықтар мен колхоз, совхоздардағы озат мамандардың тәжрибесінің негізінде жүргізу атап көрсетілген.

Сапаны бағалау барлық колхоздар мен совхоздардың асыл тұқымды және жабайы сыйыр малдарына жүргізіледі. Сондай-ақ «Госплемрассадниктердің» бақылауына жататын колхоздардың колхозшыларының, жұмысшылар мен қызметшілердің жеке меншігіндегі асыл тұқымды сыйыр малдарының да сапасы бағаланады. Барлық шаруашылықтардың мал өсіруге пайдаланып жүрген бұқалардың және алдағы уақытта пайдалануға арналған бұқашықтардың сапасы міндетті түрде бағаланады. Сапа бағалау әрбір шаруашылықтағы малды тікелей байқау және оларды сапа бағалау ведомостіне жекежеке енгізу жолымен жүргізіледі. Сауын сыйырлардың бір сауын маусымында берген сүті, сүтінің майлылығы, тірі салмағы есептеледі, сыйырдың қоңдылығы, тұқымдылығы, туған жылы, нешінші рет бұзаулағаны, түрі мен ерекше белгілері, денсаулық жайы анықталады. Сөйтіп, сыйырдың сүттілігі, сүтінің майлылығы, тірі салмағы, тегі, экстерьері, конституциясы, ұрпағы, тағы сол сияқты белгілерінің комплексті бағалануы негізінде әр малдың өнімділік- тұқымдылық құндылығы анықталады. Осыдан кейін мал класқа бөлінеді.

Біздің облыста малдың сапалылығын совхозының коллективі едәуір жұмыстар істеп келеді. Олар жыл сайын малдың сапалылығын бағалап, қажетті зоотехникалық шаралар белгілейді және арнаулы кітапшаға жазады. Малды көру, бағалау және селекциялық, өндірістік топтарға бөлу, басқа шаруашылықтарға, ет үшін дайындау орындарына беруге мал шығару жұмыстарын арнаулы комиссия жүргізеді. Сапаны бағалау аяқталғаннан кейін бұл жұмыстардың қорытындылары бойынша есеп жасалады. Онда малды бағу, азықтандыру жұмыстары талданады. Сөйтіп, сапаны бағалаудың негізінде қолданылатын шаралар жоспарланады.

Бұл жоспарларда төл өсірудің, ірі малдарды күтіп, азықтандырудың, мал шаруашылығы өнімдерін онан әрі арттыра берудің, аналық малдардың қысыр қалуын жоюдың, асыл тұқымдық мал сатып алудың, малды зоотехникалық-малдәрігерлік талаптарға сай қамтудың қажетті шаралары белгіленеді. Сондай-ақ малдың өнімділік- асыл тұқымдылығын жақсарта берудің негізгі әдістері көрсетіледі.

Сапа бағалаудың қорытындылары және белгіленген шаралар мал мамандары, ферма меңгерушілері, мал өсіру бригадаларының бригадирлері және алдыңғы қатарлы мал өсірушілер қатысқан өндірістік кеңесте талқыланады. Содан кейін малдың сапалылығын бағалау жұмыстарының қорытындылары және бұдан әрі жүзеге асырылатын шаралар республиканың Совхоздар министрлігіне жіберіледі. Тек министрлікте қаралып бекітілгеннен кейін ғана белгіленген шаралар жүзеге асырылады.

Мамлют совхозының мал сапасын бағалау жөніндегі материалдары Алматы малдәрігерлік- зоотехникалық институтында оқулық ретінде пайдаланылып жүр. Сол сияқты оны В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясы қазақ филиалының мал шаруашылығы институты да зерттеу жұмыстарына пайдаланып келеді.

Жемшөп базасын нығайту, малдың азық рационын байыту, малдың сапасын жыл сайын бағалау және мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын ойдағыдай жүргізу нәтижесінде совхозда соңғы жылдары сыйырлардың кластығы едәуір жақсарды. Егер 1949 жылы совхозда бірде-бір «Элита-рекорд», «Элита» сыйырлары болмаса, 1954 жылы, «Элита-рекорд» сыйырлары 21 баска, «Элити, 1949 жылғы 7-кластық 3 сыйыр 1954 жылы 136 бас болып көбейді. Ал II-кластық 155 сыйыр 26 баска дейін азайды. Сондай-ақ 1949 жылы совхозда класқа жатпайтын 83 сыйыр болса, кәзір мұндай мал жоқ.

Бірақ Мамлют совхозының мал тұқымын жақсартудағы бай тәжрибелері облысымыздың басқа барлық шаруашылықтарында бірдей қолданылмай келеді. Петропавл «Госплемрассаднигі» аймағындағы колхоздардың фермаларында малдың сапалылығын бағалау тек формальді түрде ғана жүргізіледі. Осының салдарынан ол шаруашылықтарда малдың тұқымын жақсартудың, өнімділігін арттырудың барысы тәзгісіз баяу болып отыр. «Госплемрассадниктің» мамандары мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының өз дәрежесіндегі ұйымдастырушылары бола алмай келеді. Олар сыйыр малының сапасын бағалауда бұл жөніндегі нұсқауды бұрмалауға жол береді. Сапа бағалауды үстірт жүргізеді, мал тұқымын жақсартуға, мал шаруашылығы өнімдерін арттыра беруге бағытталған шаралардың нақтылы болуына мән бермейді. Аналық малдарды шағылыстыру жоспарлары дұрыс жасалмайды, малдың сапасын бағалау жұмыстарының қорытындыларын кеңінен талқылауды ұйымдастырмайды, оны талқылауға озат мал өсірушілері мүлдем қатыстырылмайды.

Істің жайы Преснов совхозында да осындай. Мұнда осы уақытқа дейін фермалардағы зоотехникалық есеп тәртіпке келтірілмеген. Малдың сапасын бағалауға әзірлік қанағаттанғысыз. Осының салдарынан совхозда мал шаруашылығының өнімділігі әлі де төмен.

Чистов, Возвышен, Совет және басқа совхоздарда малдың сапасын бағалау жұмыстары мүлдем жүргізілмей келеді. Бұдан аталған совхоздардың басшылары мен олардағы мал шаруашылығы мамандарының мал тұқымын асылдандыруға немкетті қарайтындықтарын айқын көруге болады.

Кәзір сыйыр малының сапасын бағалаудың кезеңі туды. Бұл жұмысты облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында үлгілі өткізуге қажетті мүмкіншіліктердің бәрі бар. Мал шаруашылығының мамандары сол мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана отырып, малдың сапасын бағалау, оның қорытындыларын кеңінен талқылауды ұйымдастырмайды, оны талқылауға озат мал өсірушілері мүлдем қатыстырылмайды.

И. КАРГИН,

Мал шаруашылығы институтының

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Малды қайда қыстатпақ?

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының (Совет ауданы) № 3 бригадасында быйыл мыңнан астам қой, жүз шамалы сыйыр қыстатылмақшы. Осы малдар тұратын қоралардың бәрі де көптенгі және әбден ескіріп біткен қоралар. Оның үстіне ол қоралар жылма- жыл нашар жөнделіп келеді.

Колхоз басшылары быйыл бұл қораларды жөндеуді мүлдем ұйымдастырмай қойды. Бұл күндері екі қой қораның іші белуардан қый. Бір қораның іргесі құлап, төбесі шіріп тұр. Жас қозылар тұратын үйде пеш жоқ, терезе әйнектері сынған. Оның ішіне қысқа сақтауға арпа ұшырындылары үйілген болатын. Әкеліп үйілгеннен кейін оныменешкімнің де жұмысы болған жоқ. Осының салдарынан ол ұшырынды шіріп кетті.

Қой қораларының жағдайы осындай екенін колхоз басшылары жақсы біледі. Бірақ, онан не пайда, қораны жөндеуге күш- көлік болмеді. Тіпті, осы қораларды жөндеуді қой фермасындағы колхозшылардың күшімен жүргізуді ұйымдастыруға да болатын еді. Бірақ, бұл ешкімнің, оның ішінде қой фермасының меңгерушісі Мусариянов жолдастың есіне де келген жоқ.

Колхоз малы қайда қыстайды?

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

Магазин қашан салынар екен?

Преснов ауданындағы Баян селосындағы дүкен еңбекшілерді қажетті товарлармен қамтамасыз ету ісінде айтарлықтай роль атқарып келеді. Б. Құсайынов жолдас бұл дүкенде бірнеше жылдан бері сатушы болып істейді. Ол тұтынушылардың қажетін үнемі зерттеп, біліп дүкенге товарлардың түр- түрінің уақытылы түсіп тұруына жетісіп отырады. Осының нәтижесінде мұнда товар айналымы барған сайын тездетіле түсуде.

Дүкен сатушысы Құсайынов жолдас соңғы кезде егін бригадалары мен мал фермаларында жұмыс істейтіндерге товарлар апарып сатуды ұйымдастырды.

Баян— Преснов ауданындағы ең ірі селолардың бірі. Мұнда 300-ге жуық үй, орта мектеп, интернат, дәрігерлік пункт бар. Осыған байланысты село тұрғындары барған сайын көбейіп, тұтынушылар саны арта түсіп отыр. Село тұтынушыларының осындай өскелең тұтыну қажетін барынша толық өтеу қамы ескеріліп, село орталығынан жаңадан магазин салу ұйғарылған еді. Міне содан бері едәуір уақыт өтті. Бірақ магазин салу ісі әлі күнге дейін қолға алынған жоқ. Бұл жағдай еңбекшілер депутаттарының аудандық, селолық атқомдерінің басшыларына да, Преснов аудандық тұтынушы-

облыстық рекордты 1,5 секундқа жақсартты.

Облыстық спартакиадада әйелдер биіктікке секіруден жаңа рекордтар жасалды. Зубкова (Октябрь ауданы) және Никифорова жолдастар 130 сантиметрлік биіктіктен секірді. Ал ерлер арасынан Бубнов (Ленин ауданы), Подоксенов (Ленин ауданы), 155 сантиметр биіктіктен секіріп, бұл жүйедегі облыстық рекордты 5 сантиметрге көтерді.

Преснов және Булаев ауданының спортшылары Трегубенко мен Пирогов орынға ие болды.

Есіл өзенінде болған жүзу жарысында Октябрь ауданының спортшылары зор табысқа ие болды. Олар спорттың бұл түрінен бірінші орынға шықты. Ал Явленка тас жолында өткізілген велосипедшілер жарысында да олар жүлделі орынды жеңіп алды. Сөйтіп село спортшыларының облыстық спартакиадасында Октябрь ауданының спортшылары бірінші орынға ие болды. Екінші орында —Ленин ауданының спортшылары.

Ю. ТОРОПКИН.

Овощьтан он мың сом кіріс

Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелі өткен көктемде біржарым гектар алаңға овощь еккен болатын. Кәзір бұл жерден 1500 килограмм қыяр, 850 килограмм капуста, 133 килограмм пияз және 25 килограмм қарбыз алынды. Колхоз бұл овощьтарды сатудан 10300 сом кіріс тапты.

Овощь өсіруде Б. Шнайдер жолдас бастаған огородшылар бригадасының мүшелері қажырлы еңбек етті.

Ә. ҚАЛИЕВ.

Тәжрибе ауыстыру үшін

Краснодар өлкесінің алдыңғы қатарлы колхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде бай тәжрибеге ие болып келеді.

Жақында осы өлкенің колхоздарына экскурсияға облысымыздың Совет ауданындағы «12 лет Октября» колхозының зоотехнигі А. Беззубов, Булаев ауданындағы «Коминтерн» колхозының зоотехнигі З. Иванова жолдастар жүріп кеткен-ді. Олар кәзір Краснодар өлкесіндегі Павловск ауданының колхоздарын аралап жүр. Мұнда олар мал өсірушілердің қол жеткен табыстарымен танысуда, озат малшылармен тәжрибе ауысуда.

Малшылар табысы

Полудин ауданындағы «Путь Ильича» колхозының мал өсірушілері өткен жылы сүт саууда ауданда бірінші орынға ие болған-ды. Колхозда жыл көлемінде әрбір сауын сыйырдан 1700 литрден сүт алынған еді. Ал үстіміздегі жылы мал өсірушілер малды күту мен азықтандыруды жақсарта отырып, сыйырлардың сүттілігін едәуір арттырды. Өткен 10 ай ішінде колхозда әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 1203 литрге жетті.

Сауыншылардың сүтті мол сауу жолындағы социалистік жарысында Елена Девальд жолдас алда келеді. Ол өзіне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 10 ай ішінде 1500 литрден сүт сауды. Сол сыяқты сауыншы Надежда Беккер, Елена Ланер жолдастар да жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Бұзау күтуші Н. Павловская, В. Гладилова жолдастардың да табысы айта қаларлықтай. Олардың әрқайсысы өздеріне бекітілген 25 бұзауды алты айға дейін шығынсыз және қоңды өсіріп, табынға қосты.

Кәзір колхоз малшылары мал қыстатуға әзірлікті қызу жүргізуде. Сонымен бірге зоотехник Клоповский жолдастың көмегімен сыйыр малының сапасын бағалау жұмысын үлгілі өткізуге дайындалуда.

Б. АҚТАНОВ.

Жапон халқы Жапонияның экономикасын жандандыру және тәуелсіздік жолындағы күресте

2 сентябрьде Жапонияны жеңген күнге 10 жыл толды. Жапония милитаризмінің жеңіліске ұшырауы дүниежүзілік екінші соғыста одақтас елдердің күш біріктірген соғыс әрекеттерінің нәтижесі болды.

Дүниежүзілік екінші соғыстың аяқталуы Азияның көптеген елінің демократиялық жолмен дамуына қолайлы жағдай жасады. Қыйыр Шығыста Қытай Халық Республикасы мен Корея Халық-Демократиялық Республикасы құрылды. Индия, Бирма, Индонезия сыяқты елдер ұлттық тәуелсіздікке ие болды.

Жапонияның тағдыры басқаша қалыптасты. Одақтас елдердің алдын-ала шешімі бойынша демократиялық, тәуелсіз және бейбітшіл Жапония құру көзделген еді. Бірақ бұл қарар жүзеге асырылмады. Соғыс бітісімен-ақ АҚШ Жапонияны оккупациялап алды, ал, шетелдік монополиялар елді барынша мол кіріс алу көзіне айналдыруға және Азиядағы соғыс тірегі етуге бағыт алды. Ірі консервативтік газет «Асахидің» шолушысы жуырда жазып отырғандай, Жапонияның дамуы шетелдік капиталға бағыну жолына, елді ремилитарландыру жолына бағытталды.

1953 жылы сауда және су қатынасы жөнінде жасалған жапон- американ шарты жапон экономикасының бағынушылық жағдайын заңдастырды. Шарт американ компанияларының Жапонияның өнеркәсіп және сауда компанияларынан акция алуына, АҚШ-қа пайданы тасуға шексіз мүмкіншілік беруге, сол сыяқты жапон рынкы мен жапонның сыртқы саудасына қожалық етуге право алуға басым пұрсат берді. Осының барлығының қорытындысын сыйпаттау үшін мынаны еске салудың өзі-ақ жеткілікті: бұрын сыртқы саудадан көп табыс алатын Жапония 1954 финанс жылында өзінің сыртқы сауда балансысында 770 миллион доллар дефицитке ұрынды. Бұл дефицит шетелдік монополиялардың Жапонияның демократиялық лагерьдің елдерімен сауда жасауына тыйым салуы нәтижесінде пайда болды. Осыған байланысты Жапония өзіне керекті көптеген товарларды өзіне тиімсіз баға бола тұра, еңалдымен Құрама Штаттардан сатып алуға мәжбүр болды. Жапонияның Киодо Цусин агенттігі жуырда жариялаған мына хабар бұған толық дәлел бола алады: «Кәзір американ көмірі Жапонияға фрахт үшін бағаның ұлғайтылуы нәтижесінде тонна басы 26 доллардан түседі, ал Қытайдан әкелінетін Кайлан көмірінің әрбір тоннасы 22 доллардай ғана болар еді. Қытайдың темір рудасы да американ темір рудасынан анағұрлым арзан». Екінші жағынан, жапон өнеркәсібінің көптеген салалары (еңалдымен кеме құрылысы және мақта- мата өнеркәсібі) сату үшін жеткілікті рынок болмағандықтан толық қуатымен жұмыс істей алмауға және өзінің өндірісін қысқартуға мәжбүр болып отыр.

Жапон экономикасындағы ауыр жағдай елде жұмыссыздардың көбеюіне әкеліп соқты. Ресми мәліметтерге қарағанда, кәзір Жапонияда 10 миллионнан аса толық және жартылай жұмыссыздар бар.

Осы жағдайда Жапониядағы бұқара мен іскер топтардың арасында экономиканы жандандыру және елдің шетелдік капиталдан тәуелсіздігін жою, жапон саудасына тыйым салушылықты сырып тастау және көршілермен экономикалық қарым- қатынасты қалпына келтіру үшін кең қозғалыс өріс алды. Бұл қозғалыстың негізінде Жапонияның Совет Одағымен және Қытай Халық Республикасымен қарым- қатынасын қалыптастыру талабы жатыр.

Бұл талапқа құлақ аспаған және елдің ұлттық мүддесіне қайшы келетін саясатты жүзеге асырған премьер Иосиданың бұрынғы үкметі 1954 жылдың аяқ шенінде орнынан түсуге мәжбүр болды. Иосида кабинетінің құлауы ел душар болған ұлттық терең дағдарыстың кепілдемесі еді. Хатояма басқарған демократиялық партияның жаңа үкметі өзінің саясатының негізгі пунктерінің бірі ретінде ССР Одағымен және Қытай Халық Республикасымен қарым- қатынасты қалыптастыру болады деп жариялап өкмет басына келгендігі үшін борышты. Осы жылдың февраль айында өткізілген парламентте жаппай сайлау Жапонияның барлық елдермен қарым- қатынасын қалыптастыру ұранымен түскен Хатояма партиясының жеңісімен өтті. Сонымен бірге, сайлау социалистік солшыл партияның, сол сыяқты жұмысшы- шаруалар және коммунистік партиялардың ықпалы күшейгендігін көрсетті. Жапония халқының көпшілігі сайлауда Совет Одағымен және Қытай Халық Республикасымен қарым- қатынасты нығайту үшін, Жапонияның бейбіт жолымен дамуы үшін дауыс берді.

Мемлекеттердің бейбіт жолмен бірге өмір сүруі принципіне әрдайым адал Совет Одағы, әрқашан да біздің елімізбен өздерінің қарым- қатынасын жақсартпақ болған жапон халқының пиғылына елтипатпен көңіл қойып отырды. Бұдан бір жыл бұрын ССРО Сыртқы істер министрі В. М. Молотов жапонның «Цюбунишпон симбун» газетінің бас редакторына берген жауаптарында Совет Одағының Жапониямен бірқалыпты қарым-қатынас жасауға әзір екендігін атап көрсетті. Жапон- совет сауда қарым- қатынасына тоқтай келе, В. М. Молотов ССРО-ның Жапониямен экономикалық қарым-қатынасты екі жаққа да тиімді жағдайда дамытуға бел байлағандығын, мұның екі елдің де мүддесіне сай келетіндігін атап көрсетті. Бұдан бірнеше уақыт өткеннен кейін, 1954 жылдың октябрінде Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы үкметтерінің Жапониямен қарым- қатынас туралы бірлескен Декларациясы жарияланды. Декларацияда да екі үкметтің ССРО-мен және Қытай Халық Республикасымен саяси және экономикалық қарым-қатынас орнату жөніндегі Жапонияның көзқарасына қосылуға әзір екендігі көрсетілді.

Өткен жылдың декабрінен бастап, немесе Жапонияда өкмет басына жаңа үкметтің келуінен кейін оның басшы қайраткерлері Совет Одағымен қарым- қатынасты реттеу туралы келіссөздер бастауды жақтайтындығы туралы мәлімдеме жасап келді. Бұл мәлімдемелер, сөз жоқ, Совет үкметі тарапынан қолдау тауып отырды. Нәтижесінде қарым- қатынасты қалыптастыру туралы жапон- совет келіссөздерін өткізуге келісілді. Мұндай келіссөздер үстіміздегі жылдың 1 июнінде Лондонда басталды.

ССРО мен Жапония арасындағы байланыстар кеңеюде. Соңғы жылдың ішінде Совет Одағында Жапониядан бірсыпыра делегация, соның ішінде экономикалық делегация мен жапон ғалымдарының делегациясы болды. Таяу уақытта жапон парламентінің көптеген депутаттары делегациясының ССРО-ға келуі күтілуде; бұл да екі елдің арасындағы өзара түсінісуге қызмет етеді. Делегация басшысының Москваға келе жатқан жолында жасаған мәлімдемелерінде, атап айтқанда, былай делінген: «Біз жапон парламентінің тапсыруы бойынша Совет Одағына ресми түрде бара жатырмыз, біз мұның өзі Совет Одағы мен Жапонияның арасында түсінісу мен достықты нығайтады және олардың арасындағы дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіруге жеткізеді деп сенудемиз».

Жапония дүние жүзінде атом бомбасын қолданудың қорқынышын басынан кешірген бірінші ел. Сондықтан да мұнда бейбітшілік жолындағы қозғалыс бірдебір капиталистік елдерде болмай отырған дәрежеде аса кең өрістеді және құлашын кең жаю сыйпатына ие болды. Жапонияда атом және сутегі қару-жарағына тыйым салу туралы үндеуге осы жылдың августындағы мәлімет бойынша 32 миллионнан астам адам қол қойды, бұл елдің барлық халқының төрттен үш бөлегінен асады. 6 августан 15 августқа дейін Жапонияда атом және сутегі қару-жарағына тыйым салу үшін халықаралық конференция өткізілді. Конференцияның қарарларында атом және сутегі қару-жарағына тыйым салу туралы үндеу бар.

Шетелдік қожалық пен жапон территориясындағы американ соғыс базаларын жою жолындағы күрес жапон халқының бейбітшілік үшін күресінің негізгі маңызды элементі болып отыр. База аудандарында тұратын халықтардың наразылық көрсету митингілері мен демонстрациялары туралы хабарлар жапон газеттерінде күн сайын жарияланып жүр. Бұларға мың-мыңдаған жапондықтар қатысады.

Жапонияда соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтың аяқ шені халықтың елдің тәуелсіздігі және бейбіт жолмен дамуы жолындағы күресінің күшеюімен атап өтіледі. Жапон халқы бұл күресте толық жеңіске жетуге бел байлап отыр.

Л. ВОЛЬНОВ.

ғылми қызметкері.

дателі Михеев жолдасқа да әбден белгілі. Алайда олардың бірде- бірі Баян селосының орталығынан жаңа магазин салу жөніндегі ұйғарығыны сөз жүзінде ғана қалдырып, село тұтынушыларының тұтыну талабын барынша толық өтеу ісіне жете мән бермей отыр. Бұл қашанға дейін созылар екен?

Қ. БАЕКИН.

Клуб үйі жоқ

Октябрь ауданы, Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің колхоз орталығында клуб үйін салу туралы қаулы алғанына бірнеше жыл болды. Бірақ колхоз басшыларының бұл сыяқты маңызды іске мән бермеуі салдарынан клуб үйін салу жұмысы осы уақытқа дейін қолға да алынбай отыр.

Селода кітапхана жұмыс істейді. Бірақ оның ашық тұрғанынан жабық тұрғаны көп. Өйткені кітапхана орналасқан бөлме жұмыс істеуге қолайсыз. Сол сыяқты, колхозшылар үшін кино көрсететін орын да жоқ. Сондықтан да еңбекшілер мәдениет орнын салу туралы колхоз басқармасының алдына орынды талап қойып келеді.

Чапаев атындағы колхозда жақсы клуб үйін салуға толық мүмкіншілік бар. Бірақ колхоз басшылары бұл мүмкіншілікті пайдаланбай отыр. Клуб үйін салу туралы алынған қаулы қашан жүзеге асар екен.

А. ӨТЕУБАЕВ.

„ЛЕНИН ТУЫНЫҢ“ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

„Шөп шабуға басшылық жоқ жерде“

«Ленин туы» газетінің үстіміздегі жылғы 7 августағы номерінде осы тақырыппен мақала жарияланып, онда «Земледелец» колхозында мал азығын дайындау қарқынының төзгісіз баяу екендігі, колхоз басшыларының техника күшін тиімді пайдалануға мән бермейтіндігі сынаған болатын.

Газет дабылы колхоз активтерінің дала және трактор бригадаларының бригадирлері қатысқан жыйналысында талқыланып, көрсетілген фактілер дұрыс деп танылды. Шөп шабу және оны маялау жұмыстарын бетімен жіберген № 3 бригаданың бригадирі Березныйға орын алған кемшіліктерді тез арада жою тапсырылды және жұмысты жолға қоюға нақтылы көмек көрсету белгіленді. Колхозда шабындық жерлер іріктеліп алынып, МТС-тен тағы да қосымша екі өздігінен жүретін шөп машинасы бөлінді.

И. РЫБАКОВ,
ҚКП Ленин аудандық комитетінің Куйбышев атындағы МТС аймағындағы секретары.

Парламентаралық одақтың 44-ші конференциясында

ХЕЛЬСИНКИ, 31 август (ТАСС). 30 августа парламентаралық одақ конференциясының кешкі мәжілісінде күн тәртібіндегі негізгі мәселе —ұлттар арасында шынайы бейбіт қатар өмір сүру шарттары туралы мәселенің бір бөлегі болып табылатын халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту туралы мәселені талқылау аяқталды.

Айтыстың барысында сөз сөйлеген ССРО өкілі А. М. Сафронов былай деді:

Совет Одағы теңдік, суверенитет пен ұлттық тәуелсіздікті өзара құрметтеу негіздерінде ұлы болсын, кіші болсын, басқа елдермен іскер байланыстарды дамытуға барынша ұмтылуда.

Сыртқы сауда мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың өте маңызды формасы екені жұртқа мәлім. Қазіргі уақытта Совет Одағы 58 мемлекетпен сауда жүргізіп отыр. Совет Одағының сыртқы сауда айналымы жыл сайын артуда және быйылғы жылы ол соғысқа дейінгі дәрежесінен 4,5 еседен аса асып түседі.

Совет Одағы әрқашанда барлық елдермен кеңінен сауда жүргізуді жақтап келді және жақтап отыр. Біздің еліміздің өнеркәсіп және шикізат ресурстары орасан зор және мұның өзі сыртқы сауданы елеулі мөлшерде дамытуда мүмкіндік береді.

Бірақ халықаралық сауданы дамыту жолында бірқатар кедергілер бар, атап айтқанда, «стратегиялық» шікірлер дейтін бойынша саудаға шек қоюшылық бар, ал бұл шек қоюшылық, Совет Үкметінің басшысы Н. А. Булганиннің Женева кеңесінде айтқанындай, «қырғыйқабақ соғыстың» жемісі болып табылады. Бұл шек қоюшылықтар көптеген елдер арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстарды жойып, мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың нашарлауына және сенімсіздіктің өсуіне елеулі себеп болды.

Біздің кемсітушілік саясатына қарсы шығатын себебіміз —бұл саясат ізгі көршілік қатынастардың, бейбіт қатар өмір сүрудің және теңдік праволы әріптестіктің принциптерімен сыйыспайды.

А. М. Сафронов бұдан кейін ғылым мен техника және өндірістік тәжрибе алмасу саласындағы ынтымақ мәселелеріне, атап айтқанда, Совет Одағының бұл саладағы шараларына тоқталды.

Совет Одағы парламент тобының делегациясы, деп мәлімдеді қорытындысында А. М. Сафронов, осы конференцияның қарауына тапсырылған экономика саласындағы ынтымақ туралы мәселенің бір бөлігі болып табылатын халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту туралы мәселені талқылау аяқталды.

Айтыстың барысында сөз сөйлеген ССРО өкілі А. М. Сафронов былай деді:

Совет Одағы теңдік, суверенитет пен ұлттық тәуелсіздікті өзара құрметтеу негіздерінде ұлы болсын, кіші болсын, басқа елдермен іскер байланыстарды дамытуға барынша ұмтылуда.

Сыртқы сауда мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың өте маңызды формасы екені жұртқа мәлім. Қазіргі уақытта Совет Одағы 58 мемлекетпен сауда жүргізіп отыр. Совет Одағының сыртқы сауда айналымы жыл сайын артуда және быйылғы жылы ол соғысқа дейінгі дәрежесінен 4,5 еседен аса асып түседі.

Совет Одағы әрқашанда барлық елдермен кеңінен сауда жүргізуді жақтап келді және жақтап отыр. Біздің еліміздің өнеркәсіп және шикізат ресурстары орасан зор және мұның өзі сыртқы сауданы елеулі мөлшерде дамытуда мүмкіндік береді.

Бірақ халықаралық сауданы дамыту жолында бірқатар кедергілер бар, атап айтқанда, «стратегиялық» шікірлер дейтін бойынша саудаға шек қоюшылық бар, ал бұл шек қоюшылық, Совет Үкметінің басшысы Н. А. Булганиннің Женева кеңесінде айтқанындай, «қырғыйқабақ соғыстың» жемісі болып табылады. Бұл шек қоюшылықтар көптеген елдер арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстарды жойып, мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың нашарлауына және сенімсіздіктің өсуіне елеулі себеп болды.

Біздің кемсітушілік саясатына қарсы шығатын себебіміз —бұл саясат ізгі көршілік қатынастардың, бейбіт қатар өмір сүрудің және теңдік праволы әріптестіктің принциптерімен сыйыспайды.

А. М. Сафронов бұдан кейін ғылым мен техника және өндірістік тәжрибе алмасу саласындағы ынтымақ мәселелеріне, атап айтқанда, Совет Одағының бұл саладағы шараларына тоқталды.

Совет Одағы парламент тобының делегациясы, деп мәлімдеді қорытындысында А. М. Сафронов, осы конференцияның қарауына тапсырылған экономика саласындағы ынтымақ туралы мәселенің бір бөлігі болып табылатын халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту туралы мәселені талқылау аяқталды.

Айтыстың барысында сөз сөйлеген ССРО өкілі А. М. Сафронов былай деді:

Совет Одағы теңдік, суверенитет пен ұлттық тәуелсіздікті өзара құрметтеу негіздерінде ұлы болсын, кіші болсын, басқа елдермен іскер байланыстарды дамытуға барынша ұмтылуда.

Сыртқы сауда мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың өте маңызды формасы екені жұртқа мәлім. Қазіргі уақытта Совет Одағы 58 мемлекетпен сауда жүргізіп отыр. Совет Одағының сыртқы сауда айналымы жыл сайын артуда және быйылғы жылы ол соғысқа дейінгі дәрежесінен 4,5 еседен аса асып түседі.

Совет Одағы әрқашанда барлық елдермен кеңінен сауда жүргізуді жақтап келді және жақтап отыр. Біздің еліміздің өнеркәсіп және шикізат ресурстары орасан зор және мұның өзі сыртқы сауданы елеулі мөлшерде дамытуда мүмкіндік береді.

Бірақ халықаралық сауданы дамыту жолында бірқатар кедергілер бар, атап айтқанда, «стратегиялық» шікірлер дейтін бойынша саудаға шек қоюшылық бар, ал бұл шек қоюшылық, Совет Үкметінің басшысы Н. А. Булганиннің Женева кеңесінде айтқанындай, «қырғыйқабақ соғыстың» жемісі болып табылады. Бұл шек қоюшылықтар көптеген елдер арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстарды жойып, мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың нашарлауына және сенімсіздіктің өсуіне елеулі себеп болды.

Біздің кемсітушілік саясатына қарсы шығатын себебіміз —бұл саясат ізгі көршілік қатынастардың, бейбіт қатар өмір сүрудің және теңдік праволы әріптестіктің принциптерімен сыйыспайды.

А. М. Сафронов бұдан кейін ғылым мен техника және өндірістік тәжрибе алмасу саласындағы ынтымақ мәселелеріне, атап айтқанда, Совет Одағының бұл саладағы шараларына тоқталды.

Совет Одағы парламент тобының делегациясы, деп мәлімдеді қорытындысында А. М. Сафронов, осы конференцияның қарауына тапсырылған экономика сала-

---

йынша дауыс беру 31 августа жүргізілетін болып шешілді.

Конференция бұдан кейін негізгі мәселенің соңғы пункті —халықаралық мәдени айырбас және жүріп-туру бостандығы мәселесін қарауға кірісті. Бұл мәселе бойынша айтыс Бельгия сенаторы Нотомбының конференцияға тапсырған баяндамасы негізінде өрістетілді.

АҚШ делегаты Партел мәдени айырбас кезінде бір елдің мәдениеті екіншісіне таңылмауын, қайта айырбас әртүрлі мәдениеттердің өзара байытылуы негізінде жүзеге асырылуын жақтаған пікір айтты.

Бұдан кейін Нок (Венгрия) сөз алды, ол талқыланып отырған мәселе бүкіл адамзат үшін ең маңызды мәселені—бейбітшілік туралы мәселені шешуге көмектесе алады деп атап көрсетті.

Англия делегаты Фэрнесс туристердің Совет Одағын аралауы кеңейіп отырғанын қанағаттанғандықпен атап өтті.

Румыния делегаты Рипан мәдениет айырбасы туралы мәселе бейбітшіліктің маңызды проблемаларының бірі болып табылады деп атап көрсетті.

ССРО өкілі И. А. Каиров былай деп мәлімдеді: Совет Одағы мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстарды кең дамытудың жақтаушысы, халықтар арасындағы қатынастарға кедергі болатын бөгеттерді жоюдың жақтаушысы болып келді және солай бола да бермекші.

И. А. Каиров былай деп мәлімдеді: тек соңғы екі жылда ғана Совет Одағына 2300-ден аса делегация келді, ал Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде тек соңғы екі айда ғана 61 елден келген 395 делегация болды. Совет халқы бұл делегацияның бәрін де шын ықласпен және меймандостықпен қарсы алуда және олардан ештеме жасырмастан өз елі қандай болса дәл сол күйінде көрсетуде.

Міне бұл біздің еліміздегі «темір шымылдық» туралы ойдан шығарылған ертегіні толығымен жоққа шығарады, деді Каиров. Бұл шындық жер бетіндегі әрбір адал ниетті және қарапайым адамның ақылы мен жүрегіне баратын жолды өзінен-өзі салады.

Қорытындысында И. А. Каиров былай деп мәлімдеді: Совет Одағы парламент тобының делегациясы мәдени байланыстар жөніндегі комиссияның ұсынысын қолдайды және қарардың енгізілген жобасын жақтап дауыс беретін болады.

Швеция делегаты Хусс Финляндия мен Швеция арасындағы мәдени байланыстарға тоқталды. Ол баяндамашы Нотомбоның БҰҰ мен Юнеско-ны халықаралық

ЖАПОН ПАРЛАМЕНТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ МОСКВАҒА КЕЛЕ ЖАТЫР

ПЕКИН, 31 август (ТАСС). Токутаро Китамура және Масару Номидзо бастаған жапон парламенті мүшелерінің делегациясы бүгін Пекиннен Москваға жүріп кетті.

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ОДАҚ СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІ

ХЕЛЬСИНКИ, 31 август (ТАСС). Парламентаралық одақ советінің кеше өткізілген мәжілісінде Швецияның, Түркияның және Ливанның шығып қалатын өкілдерінің орнына одақтың атқару комитетінің жаңа мүшелері туралы мәселе талқыланды. Ұзақ талқылаудан кейін совет одақтың атқару комитетіне Хельсты (Финляндия), Пизанеллиді (Италия), Михайловты (ССРО), Муллаңы (Ирак) және Сананаякты (Цейлон) сайлау жөніндегі конференцияға ұсыныс жасауды ұйғарды. Сананаяктың кандидатурасын ССРО мен Скандинавия елдерінің өкілдері ұсынды.

Совет мәжілісінің соңында Совет Одағының өкілі Н. А. Михайлов совет ҚХР парламент тобы председателінің бұл топты парламентаралық одақтың мүшелігіне қабылдау жөніндегі хатына жауап бермегені туралы мәлімдеме жасады. Бірақ бұл мәлімдеме жөнінде айтыс болмады.

АЛДАҒЫ УАҚЫТТА КАРАЧИДЕ АШЫЛАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП КӨРМЕСІ ЖАЙЫНДА

КАРАЧИ, 1 сентябрь (ТАСС). 9 сентябрьде Карачиде халықаралық өнеркәсіп көрмесінің ашылуы күтілуде. Басқа елдермен бірге көрмеге Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Чехословакия, Индия, АҚШ, Англия қатысады. Кезіргі кезде көрме павильондарының құрылысы аяқталып келеді.

Алдағы көрме Пакистан жұртшылығының зор ынтасын тұғызуда. Өзінің архитектурасы және көлемі бойынша басқа павильондардан ерекше тұрған совет павильоны Карачи қаласы тұрғындарының ерекше назарын аударуда.

АНГЛИЯДАҒЫ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

ЛОНДОН, 1 сентябрь (ТАСС). «Ньюс кроникл» газеті Англияда бекон бағасының жаңадан, соңғы ай ішінде үшінші рет қымбаттап отырғандығы туралы хабар жариялады. Осыған байланысты газет елде бағаның үнемі өсіп отырғандығын атап көрсетеді және былай деп жазады: кеңінен тұтынылатын бірсыпыра заттардың және кейбір азық-түлік товарларының, соның ішінде майдың күзге қарай жаңадан қымбаттауын күтуге тура келеді.

МАРОККОДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

Совет-Австрия мазмұндамасы

1955 жылы 27 июльде күшіне енген тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік договорға және 1955 жылы 15 апрельде Москвада қол қойылған Совет-Австрия меморандумына сәйкес мемлекеттік договорда көрсетілген және меморандумда аталған Австриядағы совет мүліктері басқармасының (Усиа) кәсіпорындарын, советтік мұнай басқармасының (Сну), мұнай өнімдерімен сауда жасау жөніндегі акционерлік қоғамның (Ороп) мұнай кәсіпшіліктері мен мұнай кәсіпорындарын және Шығыс Австриядағы Дунайдың кеме жүргізу компаниясына (ДДСГ) активтерін Совет Одағы Австрия Республикасына табыс етуі туралы қорытынды протоколға 31 августа қол қойылды.

Екі жақ аталған кәсіпорындарды тапсыру жөніндегі жұмыстардың ойдағыдай аяқталғаны жөнінде өздерінің қанағаттанғанын білдірді, ал бұл жұмыс мемлекеттік договорда келісілген мерзімнен бұрын жүзеге асырылды.

Протоколға совет жағынан —ССРО Сыртқы сауда министрінің орынбасары Я. В. Юшин, Австрия жағынан —Австрия Республикасының финанс министрі доктор Рейнхард Камитц және транспорт пен мемлекет қарамағына алынған кәсіпорындардың министрі дипломды инженер Карл Вальбруннер қол қойды.

Вена Совет жауынгерлерімен қоштасуда

ВЕНА, 31 август (ТАСС). Кеше кешке Венада Ратуша алдындағы алаңда салтанатты митинг болып өтті, онда Австрия астанасының халқы Отанына қайтып бара жатқан Совет Армиясының жауынгерлерімен қоштасты. Алаңға және оған жапсарлас көшелерге мыңдаған Австрия азаматтары жиналды.

Жиналғандардың алдында австрия-совет қоғамының председателі профессор Гуго Глязер сөз сөйледі. «Біз, Австрия еңбекшілері,—деді ол, —фашистік езгіден азат еткені үшін және 10 жыл бойы совет әскімшілігі басқарған кәсіпорындарда біздің алған әлеуметтік праволарымыз, біздің бүгінгі таңда қорғап отырған праволарымыз үшін Совет Одағына алғыс айтамыз. Шекаралар болуына қарамастан, берік достық байланыстар қала бермекші және бірден- бірге нығая бермекші. Вена жұмысшылары Совет Одағынын жұмысшыларына сәлем жолдайды!»

Жиналғандар қолшапалақтап қарсы алған генерал В. И. Жданов совет жауынгерлерінің атынан сөз сөйледі.

Өз сөзінің қорытындысында генерал В. И. Жданов ду қолшапалақтау үстінде ССРО мен Австрия арасындағы достықтың құрметіне ұран көтерді.

Австрия -совет қоғамының секретары Мартин Грюнберг өзінің сөзінде Совет және Австрия халықтарының арасындағы достықтың терең тамыры бар екенін және оның жылдан-жылға нығая беретінін атап көрсетті.

Митингтен кейін Ратуша алдындағы алаңда Совет Армиясының ән және би ансамблінің концерті болып өтті. Ансамбльдің артистеріне Венаның тұрғын адамдары гүлдер ұсынды.

Концерт аяқталғаннан кейін австрия-совет қоғамының өкілдері ансамбльдің жетекшісіне алғыс айтқан хат тапсырды.

Совет жауынгерлерімен салтанатты қоштасу овациямен аяқталды. Алаңның ол шеті мен бұл шетінен совет жауынгерлеріне айтылған құттықтау ұрандары мен достық тілектер естіліп жатты.

Капиталистік елдердегі ереуіл қозғалысы

НЬЮ-ЙОРК, 1 сентябрь (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабарлауына қараганда, «Крайслер» автомобиль компаниясының 139 мың жұмысшысы бүгін ереуіл жариялаған. Бұл ереуіл компания мен автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының біріккен кәсіподағы өкілдерінің арасындағы келіссөздер сәтсіз аяқталғаннан кейін басталды.

«Интернейшнл харвестер компаниясының» ауыл шаруашылығы жабдықтарын жасайтын 18 заводында автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының біріккен кәсіподағының мүшелерінің —40 мың жұмысшының ереуілі әлі де болып жатыр. Компанианың олардың талаптарын ішінара қанағаттандыру туралы ұсынысын жұмыс

Батысындағы кеншілер 24 сағаттық ереуіл жариялады. Ереуіл көтерушілер жалақының арттырылуын талап етуде.

ПАРИЖ, 30 август. (ТАСС). «Юманите» газетінің хабарлауы бойынша, Мен және Луар департаментінде шифер өндіруде істейтін үш мың жұмысшы жалақыны 30 процентке арттыруды және еңбекке ақы төлеудегі айырмашылықтарды жоюды талап етіп, ереуіл өткізді.

Нантта кеме жасайтын верфтер мен басқа өнеркәсіп орындарындағы 14 мың еңбекші кеше жұмысты тоқтатты. Гавре 10 мыңға жуық жұмысшы қысқа мерзімді стачка өткізді. Ла-Рошель, Лориан, Тулон және басқа қалалардағы өнеркәсіп орындарының еңбекшілері жалақының

ФРАНЦИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 31 август (ТАСС). Кеше түс қайта Париж автобустарының көптеген жүргізушілері мен кондукторлары жұмысын тоқтатты. Париждың біріккен қалалық транспорты әкімшілік советінің 1955 жылғы бірінші январьдан бастап жүргізушілер мен кондукторлардың жалақысына қосымша төлеу туралы өзінің бұрын қабылдаған қарарын орындаудан бастартуына қарсы наразылық ретінде ереуіл жариялады.

Ереуілшілер өздеріне уәде етілген қосымша ақыны төлеуді, жалақы туралы мәселені реттеу жайында әкімшілік пен кәсіподақ өкілдерінің арасында келіссөздер бастауды және ереуілге қатысушы еңбекшілерге қарсы қандай да болса шара қолданудан бастартуды бірауыздан талап етті.

Бүгін қалада автобус жүрісі толығымен дерлік тоқтатылды. Франс Пресс агенттігі жариялаған ресми мәліметтерге қараганда, Париждың барлық автобус парктерінде дерлік жүргізушілер мен кондукторлардың 99 проценті ереуілге қатысуда.

ГАЗА АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 1 сентябрь (ТАСС). Рейтер агенттігі тілшісінің Каирдан хабарлауына қараганда, Египеттің соғыс министрлігі жанындағы Палестина істері жөніндегі бөлімнің бастығы Салех Гохар былай деп мәлімдеген: Хан-Юнус ауданында, Газадан оңтүстікке қарай шамамен алғанда 12 миль жерде, «1949 жылдан бергі ең қатал соқтығыс» болып өтті.

Гохар 31 августа кешкі сағат 9 -дан 1 сентябрьде түнгі сағат 2-ге дейін қырқысқан атыс болды дегенді қоса айтты. Жағдай, деп мәлімдеді ол, «бұрынғысынша шиеленіскен қалпында қалып отыр».

Соғыс министрлігінің өкілі былай деп хабарлады: Израиль әскерлері Египеттің алдыңғы күзет орындарын ауыр артиллериядан атқылауда. Оның сөзіне қараганда, Хан-Юнусқа бірнеше снаряд келіп түскен.

ИЗРАИЛЬ ӘСКЕРЛЕРІ ЕГИПЕТТІҢ АРМИЯ БАЗАСЫНА ШАБУЫЛ ЖАСАҒАН

ТЕЛЬ-АВИВ, 1 сентябрь (ТАСС). Израиль армиясының арнаулы мазмұндамасында хабар етілгеніндей, 31 августан 1 сентябрьге қараған түні Израиль қарулы күштерінің бөлімшелері Хан-Юнустегі (Хан-Юнус Египет территориясындағы Рафахтан оңтүстікке қарай алты километр жерде орналасқан) Египеттің армиялық базасына шабуыл жасады. Бұл бекініс пунктінде Египеттің шекаралық күштері әскери бөлімшелерінің штабы болған. Осы пунктке кеше

туралы мәселе жөніндегі хабардың жобасын қуаттайды.

Польшаның делегаты Ланге былай деп мәлімдеді: Польша делегациясы талқыланып отырған мәселе жөнінде ұсынылған қарарды жақтап дауыс береді. Бейбіт қатар өмір сүру міндеттерінің бірі, деді Ланге, еркін сайлау жолындағы кедергілерді жою болып табылады.

Бұл мәселе жөніндегі баяндамашы — Англияның өкілі Хайнд айтыстың барысында қарардың жобасына енгізілген түзетулерді «қолайсыз» деп есептеп, оған қарсы пікір айтты. Қарардың жобасы бо-

[illegible] қолайлығы туралы пікірімен келісті. Ол ССРО-ның Юнеско мүшелігіне кіруін прогрессивтік факт ретінде сыйлаттады.

Англия өкілі Мейтленд Европада «Европа азаматтығына» ерекше тән болып негізделетін жүріс-тұрыс системасын орнатуға ұсыныс жасады.

Халықаралық мәдени айырбас және жүріс-тұрыс бостандығы туралы мәселе бойынша жарыссөздер осымен аяқталды.

Конференция күн тәртібінің келесі пункті —парламенттер председательдерінің праволарын талқылауға көшті.

[illegible] 1 сентябрь (ТАСС). Баспасөздің хабарлауы бойынша, 21 августа Курибгте (Марокко) болған толқушылық кезінде осы қаладағы фосфат өндіру жөнінде дүние жүзіндегі ең ірі заводтардың бірі қыйратылған. Осы заводта және оған байланысты кәсіпорындарында кәзіргі уақытта 700 адам жұмыс істейді, ал бірқалыпты жұмыста мұнда 9 мың жұмысшы жұмыс істеуге тиіс. Заводқа келтірілген зиян миллиард франктан асады.

Хабарларда былай делінген: Марокко жұмысшылары тарапынан «үнемі саботаж жасаудың» тоқтатылмауы салдарынан заводты қалпына келтіру өте баяу қарқында жүргізілуде.

КИНО

Қырағылық туралы филм

. . . Түн қараңғылығына бойларын тасалаған бір топ адам самолетке мінді. Олардың қорқау қасқырша урлана қыймылдауы шетелдік диверсанттар мен шпиондар екенін бірден-ақ аңғартады. Бейбіт ұйқының құшағында жатқан еліміздің ішіне шынымен өтіп кетер ме екен деген мазасыз ой зрительдерді тынышсыздандыра түседі. Міне, олар самолеттен секіре де бастады. Енді бір сәт . . . Түн жамылып урлана келген сұмдардың совет жауынгерлерінің алдында бұлтара алмай қол көтеріп тұрғанын көреміз.

Осы бір аз көріністің өзі-ақ еліміздің күзетінде тұрған совет жауынгерлерінің асқан қырағылығын, жауынгерлік әзірлігін аңғартып тастайды. Москваның ғылыми-көпшілік фильмдер киностудиясы үстіміздегі жылы жасап шығарған «Ефрейтор Кочетковпен болған оқыйға» фильмі, міне осылай басталады. Фильм бақытты өмір құрып жатқан елімізге сырттағы дұшпандар әлі де зұлымдық әрекеттерін тоқтатпағандығын, совет жауынгерлерінің сағат, минут сайынғы қырағылығы мен жауынгерлік әзірлігін нығайта беру керектігін баян етеді.

Сценарист А. Прут фильмнің желісіне шытырманы көп оқыйғаны алмай- ақ, өмірде кездесуі әбден мүмкін қарапайым мысалмен ғана совет жауынгерлерінің өз Отанына шын берілгендігін, әскери антын берік сақтайтындығын әсерлі түрде көрсете білген. Фильмнің құндылығын арттырып тұрған да оның осы ықшамдылығы мен шындыққа жанасылымдылығы.

Артиллерия батареясының озат көздеушісі, гвардия ефрейтор Василий Кочетков сатушы қыз Валямен танысады. Сүйген қызының үйіне қонаққа барған Кочетковты Валяның әжесі де жарқын жүзбен қарсы алады. Тіпті Кочетковтың әскери қызметі аяқталған соң, екі жас қосылмақ та болады. Адал жүректі, ақжарқын Василий Кочетков өзін шетел разведкасы агентінің аңдып жүргендігін, ал Валя мен оның әжесі осы агенттің жалдамалары екендігін бірқатар уақытқа дейін аңғара қоймайтын. Жаңа артиллериялық қарудың құпиясын қалай да білуді алдына мақсат етіп қойған жаулар, нысанаға жетудің кілті Кочетков деп біледі. Өйткені әскери дайындықтың озаты комсомолец Кочетков әскери тәртіпті жақсы сақтағанымен, кей кезде артығырақ сөйлейді, кейбір күдікті іске деркезінде мән бере қоймайды. Жасырын агенттер Василий Кочетковтың осы кемшілігін өз мақсаттарына пайдаланбақ болады.

Бірақ, Кочетковтан аз ғана мәлімет алудың өзі жеңілге түспейтіндігін дұшпандар көп кешікпей-ақ аңғарады. Соған қарамастан, олар қолдан келгенінің барлығын істеп бағуға тырысады. Кочетков Валяның үйінде қонақта болғанда дәрі беріп ұйқытып тастайды. Осы кезде шетел разведкасының агенті оның документтерін суретке түсіріп алады. Мұны пайдаланған әлгі агент кейіннен мемлекеттік хауіпсіздік органы қызметкерінің атын жамылып, Кочетковты қорқытпақ, сөйтіп қажетті мәлімет алмақ болады. Бірақ бұл әрекет те іске аспайды.

Кочетков —совет жауынгері. Ол туған Отанына беріле қызмет ету, оның хауіпсіздігіне қатер тұғызушыларға деген терең өшпенділік рухында тәрбиеленген. Совет жауынгерлерінің бұл қасиеті фильмде баса көрсетіліп, нанымды түрде ашылған. Артист В. Грачев Кочетковтың Валяға деген сүйіспеншілігін, өз қателігін түсініп, «достарының» шын мәнінде кім екендігіне көзі жеткен кезде, олардың күдікті істерін командованиеге жасырмай хабарлауын, бұл кездегі оның көңіл -күй құбылысын зрительге тартымды да, нанымды да етіп жеткізе білген. Одан әрі Кочетков дұшпан агенттерін біржола әшкерелеуге көмектеседі.

«Ефрейтор Кочетковпен болған оқыйға» фильмі ең алдымен әскери тақырыпқа арналып, оларды қырағылыққа тәрбиелеуді мақсат еткен.

Фильмді қоюшы режиссер А. Разумный оқыйғаның тартымды, зрительдерді жалықтырмастай болуы үшін көп еңбек сіңірген. Мұны, әсресе, Кочетков (артист В. Грачев), Валя (артистка Д. Столярская) образдары туралы атап айту керек. Валяның шетелдік разведканың агенті екендігін бірден аңғару өте қыйын. Мұның өзі дұшпандарымыздың аса айлакер, асқан залым екендіктерін, өз мақсаттарын орындау жолында неден болса да тайынбайтындықтарын әшкерелей түседі. Қысқарта айтқанда, Валяның ролін орындау артистка Д. Столярскаяның творчестволық ірі табысы екендігі сөзсіз.

Сонымен бірге режиссер А. Разумный мен оператор В. Чернявский совет жауынгерлерінің тұрмысын, олардың өзара калтқысыз қарым-қатынастарын, совет халқының өз армиясына деген сүйіспеншілігін (бұл, әсресе, әуе парады кезінде айқын көрінеді) көрсетуге көп көңіл бөлген. Фильмнің музыкасы да (композитор В. Мурадели) тартымды, жатық.

Фильмнің финалы совет жауынгерлерінің еліміздің хауіпсіздігін, бейбіт еңбекті қырағы қорғайтындықтарын тағы да бір аша кетеді. Зрительдер фильм аяқталғаннан кейін еліміздің дұшпандары құрлықта ғана емес, аспан мен суда да бізге қол сұға алмайды деген мақтаныш сезіммен тарасады.

К. ЕСІМОВ,
Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

одан әрі өткізуге ұйғарды. Ереуіл көтерушілер жалақыны арттыру туралы нақтылы келісім жасауды және басқа да талаптарды қанағаттандыруды талап етуде.

28 августа «Бендикс авиәйшл компаниасы» фирмаларының 5 кәсіп орындарындағы автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының біріккен кәсіподағының мүшелері —20 мың жұмысшы ереуіл жариялады. Ереуіл жаңадан коллективтік договор жасауда кәсіподақтың талаптарын қанағаттандырудан өнеркәсіп иелері бас тартқаннан кейін жарияланды.

Мыс рудниктеріндегі 2200 жұмысшылардың —Мичигандағы «Калумет эн экла маниг компаниасы» кәсіпорындарындағы болат балқыту өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының мүшелерінің 101 күнге созылған ереуілі жұмысшылардың жеңісімен аяқталды.

ПАРИЖ, 1 сентябрь (ТАСС). Франс Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, тау-кен өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағы федерациясының шақыруы бойынша кеше таңертең Тунистің Оңтүстігіндегі, Солтүстігіндегі және Солтүстік-

руды талап етіп, ұйымдасқан түрде күрес жүргізуде.

ПАРИЖ, 1 сентябрь (ТАСС). 36 сағаттық ереуілдің нәтижесінде Париж автобустарының 10 мың жүргізушілері мен кондукторлары өздерінің талаптарын қанағаттандыруға жетісті: Париждің қалалық транспорты басқармасының әкімшілік советі осы жылғы 1 январьдан бастап олардың жалақысына үстеме төлеуге келісті.

«Юманите» газетінің атап көрсетуіне қарағанда, Париж автобус паркінің жұмысшылары өздерінің жеңістері үшін ең алдымен, барлық кәсіподақ ұйымдарының, соның ішінде жалпы еңбек конфедерациясына, «Форс-Увриерге», христиан еңбекшілердің француздық конфедерациясына кіретін кәсіподақ ұйымдарының қыймыл бірлестігіне борышты.

«Юманите» сонымен бірге былай деп жазады: Нант, Брест, Лориан, Ла-Рошель және басқа қалалардың өнеркәсіп орындарының жұмысшылары өздерінің материалдық жағдайларын жақсартуды талап етіп, кеше қысқа мерзімде ереуілдер өткізді.

раильдың әскери бөлімшесі Египеттің шекаралық күзет орнын басып алды.

Штаб пен бекініс орнын қыйратқаннан кейін, Израиль әскери бөлімшесі бір адамынан өлідей айрылып және 8 адамы жеңіл жараланып кейін шегінді.

«Ламерхав» газеті былай деп жазады: шабуыл жасардың алдында артиллериялық әзірлік жүргізілді.

НЬЮ-ЙОРК, 1 сентябрь (ТАСС). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Тель-Авивтен хабарлауы бойынша, Израиль армиясының өкілі былай деп хабарлаған: 1 сентябрьде таңертең Газа ауданында Израильдің реактивтік истребителі Египеттің «Вампир» типті реактивтік екі истребителін атып түсірді.

ИРАНДА МҰНАЙ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ТЕГЕРАН, 1 сентябрь (ТАСС). «Кейхан» газетінің хабарлауына қарағанда, быйылғы жылы январьдан июльге дейін Иранда мұнай шығару 8,5 миллион тоннаға жуық болды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ССРО МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ «КИНОПРОКАТ» БӨЛІМШЕСІ

Облыс экрандарында көркемсуретті

деген фильм —кинокомедия көрсете бастады.
Фильмді «Белорусьфильм» киностудиясы, 1955 жылы жасап шығарған.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НЕСТЕРКА»

Сеанстар сағат 5 және 6-50-де басталады.

ДОСААФ- тың Петропавлдағы автомотоклубы 1955-56 оқу жылында ақы төлеп оқу үшін 3-класс шоферларын және стажер шоферлар даярлайтын курстарға курсанттар алады.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Лагерь көшесі, 10-үй. Телефон 4-69.

Қалалық сауда мекемесінің Пушкин көшесі, 93-үйдегі магазинінде сатылатын рояль, патефондар, радиоқабылдағыштар, фотоаппараттар, велосипедтер және тігулі көйлектер бар.

Петропавл қаласы, 9-январь көшесі, 41-үйде тұрушы Людмила Иосифовна Святова, Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 104-үйде тұрушы Анатолий Григорьевич Святовтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-учаскетік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01712.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.